№18 (303).
30 маусым,
2026 жыл

Газет 2010 жылғы 5 мамырдан бастап
«Әділет. БАҚ-Media», «Әділет. Ұлттық апталық»,
«Әділет. Рухани жаңғыру» атауларымен жарыққа шығып келеді.

Әділет. Рухани жаңғыру

Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық газет

Әділдікке құл болып
Кең толғанып, көп ойлап,
Ақылыңмен билік ет,
Түсініп, сезін тармағын.

Бауыржан МОМЫШҰЛЫ,
Кеңес одағының батыры,
Халық қаһарманы, жазушы



adilet-gazeti.kz adilet-gazeti.kz @adilet.media Әділет МедиА zhangyru@mail.ru



ҚАЗАҚСТАН ГРУЗИЯҒА ЖАРТЫ МИЛЛИАРД ДОЛЛАРДАН АСТАМ ИНВЕСТИЦИЯ САЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Грузия Премьер-министрі Ираклий Кобахидзе келіссөз жүргізді. Ресми делегация мүшелерінің қатысуымен өткен келіссөз барысында екі елдің саяси, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық ынтымақтастығын кеңейту перспективасы талқыланды.

Мемлекет басшысы Қазақстанның Оңтүстік Кавказдағы уақыт тезінен өткен сенімді серіктесі Грузиямен арадағы достық қатынастарды бағалайтынын атап өтті.

– Біздің елдерімізді тарихи тамырластық, ортақ мәдени құндылықтар мен халықтарымыздың арасындағы берік байланыстар біріктіреді. Бұл – өзара серіктестігіміздің негізі. Біз жаңа ғана нәтижелі пікір алмасып, екіжақты ынтымақтастықты одан әрі дамытуға ниетті екенімізді растадық, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент бүгін қол қойылатын Стратегиялық серіктестік орнату жөніндегі бірлескен мәлімдеме қазақ-грузин қарым-қатынасын жаңа әрі сапалы деңгейге көтеретініне сенім білдірді.

– Сауда-инвестициялық ықпалдастық екі ел байланысының өзегі саналады. Жаһандағы тұрақсыздыққа қарамастан тауар айналымын ұлғайтуға мүмкіндік мол. Қазақстан Грузия экономикасына жарты миллиард доллардан астам инвестиция салды. Әрі аталған елдің ірі инвесторларының қатарына кіреді. Мемлекеттеріміз энергетика секторында табысты ынтымақтастықты жолға қойды. Біз Баку – Тбилиси – Джейхан құбырымен мұнай тасымалы көлемін ұлғайтуға ниеттіміз. Сауда-экономикалық ынтымақтастық жөніндегі үкіметаралық комиссия аясында белсенді жұмыс атқарылып жатыр. Бүгінгі кездесу келешектегі жаңа басымдықтарды айқындауға септігін тигізеді деп үміттенемін, – деді Мемлекет басшысы.

Ираклий Кобахидзе Қасым-Жомарт Тоқаевтың көшбасшылығымен Қазақстан дамудың даңғыл жолына түскеніне тоқталды.

– Қазақстан – Орталық Азия аймағындағы сенімді серіктесіміз. Орайлы сәтте Сізді жаңа Конституцияның қабылдануымен құттықтаймын. Бұл Сіздің тегеурінді басшылығыңызды және Қазақстанның орнықты дамуын көрсетеді. Екіжақты серіктестікті жаңа стратегиялық деңгейге көтеру үкіметтеріміз бен халықтарымыздың арасындағы ынтымақтастыққа жол ашады. Сізге Стратегиялық серіктестік туралы бірлескен мәлімдеме қабылдағаныңыз үшін алғыс айтамын. Сондай-ақ біз Қазақстанмен саяси диалог болсын, институционалдық және үкіметтік алмасулар болсын, түрлі деңгейдегі тығыз ықпалдастықты жоғары бағалаймыз. Мұның бәрі қарым-қатынасымызды ілгерілете түседі, – деді Грузия Премьер-министрі.

Мемлекет басшысы стратегиялық серіктестікті одан әрі дамыту үшін оны нақтылай түсіп, энергетика, инвестиция, көлік қатынасы, ауыл шаруашылығы, цифрландыру, туризм және басқа да перспективті салаларға бағытталған «жол картасын» әзірлеуді ұсынды.

Akorda.kz

ХАЛЫҚТЫҚ КОНСТИТУЦИЯ 1 ШІЛДЕДЕН КҮШІНЕ ЕНЕДІ

1 шілдеден бастап Халықтық Конституция ресми түрде күшіне енеді. Бұл – мемлекетіміздің құқықтық жүйесін одан әрі жетілдіруге, әділетті қоғам қалыптастыруға және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауды жаңа деңгейге көтеруге бағытталған тарихи маңызы зор құжат.

Халықтық Конституцияның басты ерекшелігі – оның негізінде халықтың мүддесі мен ерік-жігері жатыр. Онда әрбір азаматтың заң алдындағы теңдігі, адамның қадір-қасиеті, сөз бостандығы, әлеуметтік қорғалуы және әділ сотқа қол жеткізу қағидаттары айқын көрініс тапқан. Сонымен қатар мемлекеттік басқарудағы ашықтық пен есептілік қағидалары күшейтіліп, қоғам мен мемлекет арасындағы өзара сенім мен жауапкершілікті нығайтуға ерекше мән берілген.

Жаңа Конституция азаматтардың құқықтарын қорғау тетіктерін жетілдіріп қана қоймай, мемлекеттік институттардың тиімділігін арттыруға, заң үстемдігін қамтамасыз етуге және елдің тұрақты дамуына берік құқықтық негіз қалайды. Бұл құжат – әрбір адамның құқығы мен заңды мүддесі қорғалатын, әділеттілік пен теңдік салтанат құратын Жаңа Қазақстанды қалыптастыру жолындағы маңызды қадам.

Халықтық Конституция – бүгінгі буынның ғана емес, келешек ұрпақтың да жарқын болашағына арналған берік құқықтық тұғыр. Оның әрбір қағидасы ел бірлігін нығайтуға, қоғамдық келісімді сақтауға және мемлекетіміздің тұрақты өркендеуіне қызмет етеді.

Осы тарихи күн барша халқымыз үшін игілікті бастамаға айналып, тәуелсіз еліміздің дамуына тың серпін берсін! Баршаңызды Халықтық Конституцияның күшіне енуімен шын жүректен құттықтаймыз! Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем, мемлекетіміздің мерейі әрдайым үстем болсын!





ПРЕЗИДЕНТ ҚОС ПАЛАТАҒА ҚОШ АЙТТЫ: ҚҰРЫЛТАЙҒА ТЕК ҮЗДІКТЕР КІРУІ КЕРЕК!

Бүгін бас қаламыз – Астана төрінде ел болашағы үшін айрықша мәні бар алқалы жиын өтті. Қазақстан Парламенті қос палатасының соңғы бірлескен отырысына Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өзі арнайы қатысып, сөз сөйледі. Сонымен, аталған жиында Президент қандай маңызды мәселелерге тоқталды?

Мемлекет басшысы: «Бүгінгі Парламенттің қос Палатасының бірлескен отырысының тарихи мәнмаңызы айрықша деп айтсақ, дұрыс болар. Бұл дүйім халқымыз үшін де айқын нәрсе, ақиқат. Бүгін біз мемлекетіміздің заң шығарушы органы – Парламенттің кезекті сессиясын аяқтап, Тәуелсіз Қазақстанның дамуындағы тұтас бір дәуірді қорытындылап отырмыз. Осылайша, тереңнен тамыр тартқан мемлекеттігіміздің жаңа кезеңіне қадам басқалы тұрмыз. Ертең Қазақстан Республикасының жаңа Конституциясы заңды күшіне енеді. Ұлт заңымен қатар, мемлекеттік билік жүйесі де түбегейлі жаңа сипатқа ие болмақ. Қос палаталы Парламенттің орнына Құрылтай келеді. Жалпы, бұл өзгеріс Қазақстанда тарихи сабақтастық бар екенін анық көрсетеді», - деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Осыдан отыз жылдан астам уақыт бұрын елімізде тұңғыш кәсіби Парламент құрылды. Мүлде жаңа институционалдық үлгіге көшкен заң шығарушы орган мемлекеттігімізді нығайтуға елеулі үлес қосты, сондай-ақ еліміздің құқықтық негізін қалыптастыру және нарықтық экономиканы орнықтыру ісінде маңызды рөл атқарды. Қысқаша айтсақ, отыз жылдың ішінде 3,5 мыңға жуық аса қажетті заң қабылданды. Ал әрбір оныншы заңға депутаттар өздері бастамашы болды. Заң шығару жүйесінің қайнар бастауында бүкіл халқымызға және халықаралық қауымдастыққа танымал саясаткерлеріміз, көрнекті мемлекет қайраткерлері, белгілі қоғам қайраткерлері тұрды. Олардың жемісті еңбегі Парламент тарихында өшпес із қалдырды. Қажырлы қызмет халқымыздың жадында мәңгі сақталып қаларына күмән жоқ. Парламент әрдайым уақыт талабына тез бейімделіп, қоғам сұранысына лайықты жауап бере алатын жасампаз құрылым болды. Парламент мемлекетіміздің басты өкілді органы қоғамның түрлі саласындағы кәсіби мамандарды бір мақсатқа тоғыстырды. Елімізде саяси және заңнамалық тұрғыдан сапасы жоғары парламенттік мәдениет қалыптасты. Бұл – Қазақстанды дамыған ел ретінде айқындайтын ең маңызды көрсеткіштің бірі. Түптеп келгенде, Парламенттің әрбір шақырылымы Қазақстанның алға қарай нық сеніммен қадам басуына зор серпін берді, басқаша айтсақ, ұлтымыздың эволюциялық өрлеу жолының жарқын үлгісіне айналды», - деді.

Президент: «Мен Парламенттегі қайнаған еңбектің, онда қабылданған әрбір заңның Тәуелсіз еліміздің келешегі үшін қаншалықты маңызды екенін жақсы түсінемін. Осы тарихи сәтке орай, ұлт мүддесін бәрінен биік қойып, елге мінсіз әрі адал қызмет еткені үшін барлық шақырылымдағы Мәжіліс пен Сенат депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін. Әсіресе, Парламенттің қазіргі құрамына, яғни сіздерге алғысым зор. Бұл шақырылымды Қазақстанның жаңа тарихындағы ең мықты құрамның бірі деп сеніммен айтамын. Себебі сіздер мемлекетіміздің дамуындағы өте күрделі және шешуші кезеңде жұмыс істедіңіздер. Баршаңыз ел өмірінде болып жатқан ауқымды өзгерістердің бастауында тұрдыңыздар. Қаншалықты қиын болса да, түбегейлі өзгерістерді жүзеге асыру жолында табанды еңбек еттіңіздер. Сын сағатта жауапкершіліктен жалтармай, мемлекетіміз үшін аса қажетті реформаларды жүргізуге ұйытқы болдыңыздар.

5-бетте »

ҚОС САЛАНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ



Тележурналист Ержан Уәйістің халық ардақтысы, жарты әлем таныған Дінмұхаммед Қонаевтан сұхбат алу сәті. 1992 жыл. Алматы қаласы

Сол кездегі Қазақ ССР радио және теледидар комитетінде маңызды орын алатын «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасының Бас редакторы, белгілі тележурналист Төлеубай Қаймулдинов болды. Осында бұқаралық ақпарат құралдарының көрнекті журналистері Әміролла Сарымов, Жаңабек Тоқпанов, Сағидолла Дәулетқалиев, Ержан Уәйіс, Сағындық Нұрекеев және басқалар қызмет атқарды.

Жұмысқа қабылданып, күнделікті қызметіме кірісіп кеттім. Алғашқы еңбек күнім әлі есімде. Ертелеу келіп, жұмыс үстеліне жайғасып жатқанымда, үлкен кабинетке орта бойлы, жылы жүзді, отыздан енді асқан жігіт кіріп келе жатты. Бірден таныдым, экономика, саясат тақырыбынан хабар жүргізетін белгілі комментатор Ержан Уәйіс. Әріптесім мені алғаш көріп тұрса да, көптен білетіндей жылы амандасып, өзін таныстырып, жұмысыма сәттілік тіледі. Сол күні мені түскі шайға шақырып, алғашқы «ерулік» берген де – Ержан болды.

6-бетте »

ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНА 8 ЖЫЛ: ТҰРАҚТЫ ДАМУ МЕН ТАБЫСТЫ ӨСІМ

Биыл Түркістан облысының құрылғанына 8 жыл толып отыр. Осы уақыт аралығында өңірде ауқымды инфрақұрылымдық және инвестициялық жобалар жүзеге асырылып, экономиканың негізгі салаларында тұрақты өсім қалыптасты. Мемлекет басшысының қолдауымен Түркістан қаласына ерекше мәртебе беру туралы заңның қабылдануы өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына жаңа серпін беріп, инвестициялық тартымдылығын арттырды.

Соңғы 8 жылда облыстың жалпы өңірлік өнім көлемі 3 есеге өсіп, 5 трлн. теңгеге жетті. Ал, 2018 жылы бұл көрсеткіш 1,7 трлн. теңгені құраған болатын.

Өнеркәсіп саласында да оң динамика қалыптасты. 2025 жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіп өнімінің көлемі 1 трлн. 596,1 млрд. теңгеге жетіп, 2018 жылмен салыстырғанда 3,6 есеге артты. 2018 жылы өңірде 438,6 млрд. теңгенің өнеркәсіп өнімі өндірілген.

Өңдеу өнеркәсібін дамыту мақсатында 2026 жылы жалпы құны 34,7 млрд. теңгені құрайтын 11 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарлануда. Бұл жобалар аясында 703 жаңа жұмыс орны құрылады. Оның ішінде биылғы жылдың алғашқы 6 айында жалпы құны 11,2 млрд. теңгені құрайтын 4 инвестициялық жоба іске қосылып, 278 жаңа жұмыс орны ашылды.

Түркістан облысы әкімі Нұралхан Көшеровтің бақылауымен өңір экономикасын әртараптандыру, өндіріс орындарын көбейту және инвестиция тарту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Осы бағытта өндірістік инфрақұрылымды дамытуға, кәсіпкерлер үшін қолайлы жағдай жасауға және индустриялық әлеуетті арттыруға ерекше көңіл бөлінуде.

Бүгінде өңірде жалпы аумағы 1 931 гектарды құрайтын 21 индустриялық аймақ құрылған. Аталған индустриялық аймақтарда жалпы құны 60,8 млрд. теңгені құрайтын 55 инвестициялық жоба іске қосылып, нәтижесінде 3 073 жаңа жұмыс орны ашылды. Сонымен қатар алдағы кезеңде жалпы құны 96,4 млрд. теңгені құрайтын тағы 47 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл жобалар жүзеге асқан жағдайда қосымша 2 791 жаңа жұмыс орны құрылады.

Индустриялық аймақтарға жаңа өндірістерді орналастыру жұмыстары да жалғасуда. Биыл өңірлік үйлестіру кеңесі жалпы құны 21,1 млрд. теңгені құрайтын және 519 жұмыс орнын ашуға мүмкіндік беретін 12 жаңа инвестициялық жобаға оң қорытынды берді.

Өңір аумағында жалпы көлемі 3 603,3 гектарды құрайтын, 10 субзонадан тұратын арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейді. Оның 1 450 гектары өндірістік аймақ ретінде белгіленген.

Қазіргі таңда «TURAN» арнайы экономикалық аймағының өнеркәсіптік субзоналарында жалпы құны 875,3 млрд. теңгені құрайтын 37 өнеркәсіптік жоба қатысушы ретінде тіркелген.

Одан бөлек, облыста шағын және орта бизнесті қолдау мақсатында өндірістік алаңдарды дамыту жұмыстары да қарқынды жүргізілуде. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ның қолдауымен Сауран ауданының Шаға ауылында шағын өнеркәсіптік аймақ құрылды. Өндірістік парк аумағында 40 өндірістік ғимараттың құрылысы аяқталып, жалпы инвестиция көлемі 136,3 млрд. теңгені құрайтын 32 жоба жүзеге асырылды. Аталған өндірістік алаңда ауыл шаруашылығы техникаларын, аспалы жабдықтарды, жаңбырлатып суару машиналарын, металл бұйымдарын, тамшылатып суару жүйелерін, полиэтилен пакеттерін және өзге де өнеркәсіптік өнімдерді өндіретін кәсіпорындар орналасқан.

Түркістан облысында өнеркәсіп саласын дамыту, инвестиция тарту және жаңа өндірістер ашу бағытындағы жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Бұл шаралар өңір экономикасының тұрақты өсімін қамтамасыз етіп, халықтың әл-ауқатын арттыруға және жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді.

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҚ ӨНІМ КӨЛЕМІ 2,2 ЕСЕГЕ АРТҚАН

Ауыл шаруашылығы – өңір экономикасының негізгі драйверлерінің бірі. Соңғы 8 жылда Түркістан облысында ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі 2,2 есе артып, 1,2 трлн. теңгеге жетті. Бұл көрсеткіш 2018 жылы 551,1 млрд. теңге болған. Жалпы өндірілген ауыл шаруашылығы өнімінің көлемі бойынша Түркістан облысы республикада көш бастап келеді.

Агроөнеркәсіп кешеніне 1 трлн. теңгеге жуық инвестиция тартылды. Биыл ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс көлемі өткен жылмен салыстырғанда 106 мың гектарға ұлғайтылып, 919,4 мың гектарды құрады. Салыстырмалы түрде айтсақ, 2018 жылы егіс көлемі 813,5 мың гектар болған.

Мемлекет басшысының су үнемдеу технологияларын кеңінен енгізу жөніндегі тапсырмасы аясында биыл 27 мың гектар жерге енгізу жоспарланған болатын. Алайда бұл көрсеткіш 50 мың гектарға жеткізіліп, жоспар екі есеге жуық артығымен орындалмақ. Нәтижесінде су үнемдеу технологиялары енгізілген жалпы алқап 164 мың гектарды құрап, 280 млн текше метр ағын су үнемдеуге қол жеткізіледі.

Мақта өнімін тек шикізат ретінде экспорттауға тәуелділікті азайтып, дайын өнім өндіруге көшу мақсатында өңірде мақта-тоқыма кластерін құру жобасы іске асырылуда. Облыста жалпы құны 201 млрд. теңгені құрайтын 5 инвестициялық жобаны жүзеге асыру жоспарланған. Нәтижесінде жылына 229,5 мың тонна дайын өнім өндіріліп, 7 мыңнан астам жаңа жұмыс орны ашылады деп күтіліп отыр. Осы бағытта «Түркістан мақта агроөнеркәсіп кешені» ЖШС-нің ірі инвестициялық жобасы жүзеге асырылуда. Жоба аясында 11 зауытты іске қосу жоспарланып, бүгінде 5 зауыт іске қосылды. Атап айтқанда, 2 мақта өңдеу зауыты, тамшылатып суару таспаларын өндіретін зауыт, ПВХ құбырларын өндіретін зауыт, жіп иіру фабрикасы пайдалануға берілді. Жаңа су үнемдеу технологиясымен 52 мың гектарға мақта егілді. Жоба аясында 1 200 адам жұмыспен қамтылды. Одан бөлек, мақта кластері аясында 2026-2028 жылдар аралығында 4 жоба жүзеге асырылмақ. Нақтырақ айтқанда өңірде тоқыма фабрикасы, жіп өндіру кәсіпорындары, шитті мақтаны қайта өңдеу зауыты салынады.

Жүгері кластерін дамыту аясында Шардара ауданында жылына 150 мың тонна жүгері өңдейтін зауыттың құрылысы аяқталды. Кәсіпорында крахмал, сірне, тағамдық глюкоза, жүгері майы және түйіршіктелген құрама жем секілді 20-дан астам өнім түрі өндіріледі. Зауыт өнімдерін ішкі нарыққа жеткізумен қатар, Азия және Еуропа елдеріне экспорттау жоспарланып отыр.

Түркістан облысында жылыжай шаруашылығы қарқынды дамып келеді. Бүгінде жылыжайдың жалпы көлемі 1006,7 гектарды құрап, Түркістан облысының республикадағы үлесі 72 пайызға жетті. Өткен жылы жылыжайлардан 113 мың тоннадан астам көкөніс өнімі жиналып, маусымаралық кезеңде ел қажеттілігінің 45 пайызын қамтамасыз етті. Ал осы жылдың алғашқы 4 айында 38,2 мың тонна өнім жиналды.

Өнеркәсіптік жылыжайларды дамыту бағытында жалпы құны 534,2 млрд. теңгені құрайтын 3 жоба жүзеге асырылуда. Бұл жобалар нәтижесінде 1 225 жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде. Сонымен қатар жылыжай өнімдерінің өндірісі қосымша 102 мың тоннаға артып, маусымаралық кезеңде республика халқын отандық көкөніспен 100% қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары жылыжай шаруашылықтары субтропикалық дақылдарды өсіру технологияларын меңгеріп, табыстылығы жоғары өнім түрлерін өндіруге көше бастады. 2025 жылы жылыжай шаруашылықтарынан 550 тонна банан, 3,2 мың тонна лимон, 13 мың тонна құлпынай өндірілді.

Мал шаруашылығының дамуы бойынша облыс республикада жетекші орында. Республикадағы ұсақ малдың 20 пайызы (5224,5 мың бас), ірі қара малдың 13 пайызы (1249,6 мың бас), түйенің 14 пайызы (44,8 мың бас), жылқының 10 пайызы (530,9 мың бас) және құс басының 5 пайызы (2260,2 мың бас) Түркістан облысының үлесінде. Сонымен қатар экспортқа шығарылатын ірі қара мал етінің 80 пайызы, қой етінің 75 пайызы облыстың еншісінде. Осы жылдың алғашқы 5 айында 4,2 мың тонна ірі қара мал еті, 9,4 мың тонна қой еті экспортқа бағытталды.

Ет кластерін дамыту бағытында 8 инвестициялық жоба жүзеге асырылуда. Аталған жобалардың нәтижесінде жылына 18 мың тонна ет, 90 мың тонна өңделген ет өндірілмек.

«Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша 2023-2025 жылдарға республикалық бюджеттен 30,2 млрд. теңге қаржы қаралды. Биыл 7 бағыт бойынша 1 115 жобаға республикалық бюджеттен 15,3 млрд. теңге несие беру жоспарланған.



7,5 ТРЛН. ТЕҢГЕДЕН АСТАМ ИНВЕСТИЦИЯ ТАРТЫЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың өңірлерге инвестиция тарту, жаңа өндіріс орындарын ашу және экономиканы әртараптандыру жөніндегі тапсырмаларын орындау бағытында Түркістан облысы құрылғаннан бері инвестициялық ахуалды жақсарту бағытында жүйелі жұмыстар атқарылып келеді. Өңір басшысы Нұралхан Көшеровтің бақылауымен инвестициялық жобаларды сүйемелдеу, өндірістік инфрақұрылымды дамыту, кәсіпкерлер мен инвесторларға қолайлы жағдай жасау және инвесторлардың мәселелерін жедел шешу бойынша кешенді шаралар қолға алынған.

Түркістан қаласының рухани және туристік орталық ретінде қарқынды дамуы да өңірге тартылатын инвестиция көлемінің артуына оң әсерін тигізді. Соның нәтижесінде соңғы 8 жылда облыс экономикасына жалпы көлемі 7 трлн. 570,8 млрд. теңге инвестиция тартылды.

2025 жылдың қорытындысы бойынша негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 1 трлн. 745,6 млрд. теңгені құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 4,5 есеге өсті. Ал, 2018 жылы бұл көрсеткіш 314,1 млрд. теңгені құраған болатын.

Инвестициялық белсенділік биыл да жоғары қарқынмен жалғасуда. 2026 жылдың алғашқы бес айында өңір экономикасына 614,2 млрд. теңге инвестиция бағытталды. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 150,5 пайыздық өсімді көрсетеді. Өткен жылдың бес айында инвестиция көлемі 387,8 млрд. теңге болған.

Сонымен қатар 2025 жылдың қорытындысымен облысқа тартылған тікелей шетелдік инвестициялар көлемі 2 млрд. АҚШ долларына жетіп, жоспарланған көрсеткіш артығымен орындалды.

Биыл жалпы құны 369 млрд. теңгені құрайтын 67 инвестициялық жобаны іске асыру жоспарланып отыр. Бұл жобалар өндіріс көлемін ұлғайтуға, жаңа жұмыс орындарын ашуға және өңірдің экономикалық әлеуетін арттыруға мүмкіндік береді.

Бүгінде Түркістан облысында инвесторлар үшін қолайлы инвестициялық климат қалыптастырылған. Инвестициялық жобаларды сүйемелдеу, қажетті инфрақұрылыммен қамтамасыз ету, мемлекеттік қолдау шаралары тұрақты түрде жүргізілуде. Оған қоса, негізгі инвестициялық алаңдар бар. Атап айтқанда, «Turan» арнайы экономикалық аймағы, «Орталық Азия» халықаралық өнеркәсіптік кооперация орталығы, индустриялық аймақтар және облыстық барлық аудандары мен қалаларында шағын өндірістік парктер қарастырылған.

Алдағы уақытта да өңір экономикасына инвестиция тарту жұмыстары жалғасып, жаңа өндірістерді іске қосу, экспорт көлемін ұлғайту және халықтың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жобаларға басымдық берілетін болады.

977 МЫҢНАН АСТАМ ЖҰМЫС ОРНЫ ҚҰРЫЛДЫ

Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың халықты жұмыспен қамту, азаматтардың табысын арттыру және еңбек нарығын дамыту жөніндегі тапсырмаларын орындау аясында Түркістан облысында 2018 жылдан 2026 жылдың 1 маусымына дейінгі кезеңде облыста «Өңірлік жұмыспен қамту картасы» аясында жалпы 977 654 жұмыс орны құрылды.



Құрылған жұмыс орындарының ішінде 265 245 адам Қазақстан Республикасы Президенті бекіткен Ұлттық жобалар мен Тұжырымдамалар аясында жұмыспен қамтылды. Сонымен қатар Мемлекет басшысының «10 мың тұрғынға 100 жаңа жұмыс орнын құру» тапсырмасы шеңберінде ашылған жұмыс орындарына 98016 азамат орналастырылды. Осы кезеңде 463 443 адам тұрақты жұмыс орындарына орналасса, 245 940 адам субсидияланатын жұмыс орындарына жолданды. Оның ішінде, 58 653 жас жастар практикасына қатысып, алғашқы еңбек тәжірибесін жинақтады. Әлеуметтік жұмыс орындарына 39 990 адам, қоғамдық жұмыстарға 130 403 адам тартылды. Сонымен қатар «Алғашқы жұмыс орны» жобасына 7 616 адам, «Ұрпақтар келісімшарты» жобасына 8 адам, ал «Күміс жас» жобасына 9 270 азамат жолданды.

Тұрғындардың кәсіпкерлік бастамаларын қолдау мақсатында 29 401 азаматқа жаңа бизнес-идеяларды іске асыру үшін 400 айлық есептік көрсеткіш көлемінде мемлекеттік гранттар берілді. Бұдан бөлек, 625 жас кәсіпкерге жылдық 2,5 пайыздық мөлшерлемемен жеңілдетілген несие ұсынылды.

Еңбек нарығында сұранысқа ие мамандарды даярлау бағытында да ауқымды жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, 14 303 адам кәсіптік оқытудан өтіп, тұрақты жұмыспен қамту шараларына тартылды. Оның ішінде жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес 14 099 адам білім беру ұйымдарында, ал 204 адам жұмыс берушілердің базасында оқытылды.

Сондай-ақ жұмыссыз азаматтардың біліктілігін арттыру мақсатында Enbek.kz платформасы арқылы сұранысқа ие дағдылар бойынша 16 573 адам онлайн оқудан өтті. Өз кәсібін ашуға ниетті 78 287 азамат «Бастау Бизнес» жобасы аясында кәсіпкерлік негіздеріне оқытылды.

Облыс әкімі Нұралхан Көшеров жұмыспен қамту шараларын тиімді іске асыруға, жаңа жұмыс орындарын ашуға басымдық беріліп келеді.

Атқарылған кешенді жұмыстардың нәтижесінде өңірдегі еңбек нарығында оң өзгерістер қалыптасты. 2026 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша облыстағы жұмыссыздық деңгейі 4,6 пайызға дейін төмендеді. Ал жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі 1,9 пайызды, әйелдер арасындағы жұмыссыздық деңгейі 5 пайызды құрады.

Алдағы уақытта да Түркістан облысында халықты тұрақты жұмыспен қамту, жаңа жұмыс орындарын ашу және азаматтардың әл-ауқатын арттыру бағытындағы жұмыстар жалғасады.

10 МИЛЛИОННАН АСТАМ КЕЛУШІ САЯХАТТАҒАН

Мемлекет басшысы туризмді экономиканың басым бағыттарының бірі ретінде айқындап, өңірлердің туристік әлеуетін тиімді пайдалану жөнінде нақты тапсырмалар берген. Осыған сәйкес Түркістан облысында туризмді дамыту, туристік инфрақұрылымды жетілдіру және инвестиция тарту бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

Түркістан облысына соңғы 8 жыл ішінде 2,5 миллионнан астам турист келген. Ал 2018 жылы өңірге 186,2 мың турист келсе, 2025 жылдың қорытындысымен бұл көрсеткіш 500 мың адамға жетіп, 2,5 есеге артты. Сонымен қатар облыстың тарихи-мәдени нысандарына 10 миллионнан астам бірқүндік келуші келген.

2025 жылдың қорытындысы бойынша орналастыру орындарында демалғандар саны 347,8 мың адамды құрады. Оның ішінде 325 073-і – отандық туристер, 22 563-і – шетелдік туристер. Табиғи аумақтарға келушілер саны 151,9 мың адамға жетті.

Ал 2026 жылдың I тоқсанында орналастыру орындарында демалғандар саны 87,1 мың адамды құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 42 пайызға артты.

Туризм саласына инвестиция тарту және инфрақұрылымды жақсарту бағытында атқарылған жұмыстардың нәтижесінде облыс құрылғаннан бері салаға тартылған инвестиция көлемі 612 млрд. теңгеден асып, 19,2 мың жаңа жұмыс орны құрылды.

2025 жылдың қорытындысымен туризм саласындағы негізгі капиталға тартылған инвестициялар көлемі 133 млрд. теңгені құрады. Оның ішінде тұру және тамақтану қызметтері саласына – 78,6 млрд. теңге, өнер, ойын-сауық және демалыс саласына – 54,4 млрд. теңге инвестиция бағытталды.

Ал осы жылдың алғашқы 5 айында туризм саласына 36,3 млрд. теңге инвестиция тартылып, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 2,5 есеге өсті. Оның ішінде, тұру және тамақтану қызметтері саласына – 31,3 млрд. теңге, өнер, ойын-сауық және демалыс саласына – 5 млрд. теңге инвестиция салынды. Ал, 2025 жылдың алғашқы 5 айында бұл көрсеткіш 9,1 млрд. теңгені құраған.

Өңірде туристік инфрақұрылымды дамыту бағытында бірқатар ірі жобалар іске асырылды. Түркістан қаласының мәдени-рухани орталығында «Керуен Сарай» көпфункционалды туристік кешені пайдалануға берілді. Сондай-ақ 5 жұлдызды «Rixos Turkistan» қонақ үйінің құрылысы аяқталды. Экологиялық туризмді дамыту мақсатында Төлеби ауданында «Alma-Tau» қонақ үй кешені іске қосылды.

Қазіргі таңда облыста 264 орналастыру орны жұмыс істейді. Олардың қатарында қонақ үйлер, хостелдер, демалыс аймақтары және балалар лагерьлері бар. Бұл көрсеткіш 2018 жылмен салыстырғанда екі есеге артқан (2018 жылы – 148 нысан).

Орналастыру орындарында көрсетілген қызметтердің көлемі 2025 жылдың қорытындысымен 8,5 млрд. теңгені құрап, 2018 жылмен салыстырғанда 7 есеге ұлғайды (2018 жылы – 1,2 млрд. теңге). Ал 2026 жылдың I тоқсанының қорытындысы бойынша көрсетілген қызметтер көлемі 2,2 млрд. теңгені құрады.

Түркістан облысында туризм саласын дамыту бағытындағы жұмыстар облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің тікелей бақылауымен жүзеге асырылуда. Облыстың туристік әлеуетін тиімді пайдалану, инвестиция тарту, инфрақұрылымды жетілдіру және туристік қызметтердің сапасын арттыру бойынша нақты міндеттер айқындалып, жүйелі жұмыстар жүргізілуде.

МАҚСАТЫМЫЗ – ТҮРКІСТАНДЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕГІ ТУРИСТІК ОРТАЛЫҚҚА АЙНАЛДЫРУ

Түркістанның жаңа бренді: Қасқасуда әлемдік деңгейдегі экологиялық тау-курортты қала салынбақ. Түркістан облысында туризм саласын жаңа деңгейге көтеретін ауқымды жоба қолға алынбақ. Облыс әкімі Нұралхан Көшеров тау туризмі мен курорттық инфрақұрылым саласындағы халықаралық жетекші компания басшылығымен кездесіп, Қасқасу тауларында жүзеге асырылатын бірегей демалыс аймағының тұжырымдамасын жан-жақты талқылады. Келіссөздер барысында тараптар өңірдің туристік әлеуетін толық пайдалануға мүмкіндік беретін, халықаралық деңгейдегі тау-шаңғы курортты кластер құру мәселелерін қарастырды. Бірлескен жоба жүзеге асқан жағдайда Қасқасу Қазақстандағы ғана емес, Орталық Азиядағы ең тартымды туристік орталықтардың біріне айналмақ.

Жоспарға сәйкес, теңіз деңгейінен 3200 метр биіктікте орналасқан тау бөктерлерінде әлемде теңдесі жоқ экологиялық демалыс аймағы бой көтереді. Курорт аумағында мұз пішінінде салынатын ерекше қонақүйлер, отбасылық демалыс аймақтары, бизнес-кластерлер, ойын-сауық және спорт нысандары орналастырылады.

Жобаның басты ерекшелігі – құрылыс барысында табиғатқа зиян келтірмейтін, толықтай экологиялық таза технологиялар мен табиғи материалдарды пайдалану. Нысандардың басым бөлігі тас, ағаш және қоршаған ортамен үйлесетін өзге де табиғи материалдардан тұрғызылады. Бұл тәсіл табиғи ландшафтты сақтап қана қоймай, өңірдің ерекше келбетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Курорт бірнеше функционалды аймаққа бөлінеді. Туристерге ыңғайлы болу үшін заманауи аспалы жолдар салынып, тау шыңдары мен негізгі демалыс нүктелерін байланыстыратын инфрақұрылым қалыптастырылады. Сонымен қатар жыл он екі ай бойы жұмыс істейтін нысандар қарастырылған. Осылайша Қасқасу тек қысқы спорт түрлерінің орталығы ғана емес, төрт мезгілде де келушілерді өзіне тартатын мега жобаға айналмақ.

Жобада табиғи ресурстарды тиімді пайдалану мәселесіне ерекше көңіл бөлінген. Соның ішінде көлемі шамамен 3 миллион текше метр болатын су сақтау жүйесін құру жоспарланып отыр. Арнайы инфрақұрылым арқылы қар мен мұз суларын жинақтап, шомылу аймағына айналдыру көзделген.

Болашақ курорттың барлық қызметі цифрлық технологиялармен басқарылмақ. Ақылды жасанды интеллект жүйелері туристік ағындарды реттеу, қауіпсіздікті бақылау, энергия тиімділігін арттыру және сервистік қызметтердің сапасын жақсарту үшін пайдаланылады. Сарапшылардың пікірінше, бұл жоба Қазақстандағы ең технологиялық туристік нысандардың біріне айналуы мүмкін.

Сарапшылар Қасқасу жобасын Франциядағы әйгілі Куршевель курортының қазақстандық баламасы ретінде бағалап отыр. Алайда жаңа курорттың басты артықшылығы – оның ұлттық ерекшелікті сақтай отырып, табиғатпен үйлесімді дамуы. Құрылыс кезеңінде және нысан пайдалануға берілгеннен кейін 10 мыңға жуық жаңа жұмыс орны ашылады деп күтілуде.

Кездесу барысында Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров өңірде туризмді дамыту мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі екенін атап өтті.

– Түркістан облысы – тарихи мұрасы бай, табиғи әлеуеті зор өңір. Қасиетті мекенімізде күллі түркі әлемінің рухани орталығы саналатын Ясауи кесенесі, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік мұралар тізіміне енген тарихи-мәдени нысандар шоғырланған. Сонымен қатар Сарыағаш секілді емдік қасиетімен танымал шипажайларымыз, табиғаты көркем тау бөктерлері мен ерекше туристік бағыттарымыз жеткілікті. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, біз өңірде туризмді дамытуға ерекше басымдық беріп келеміз. Негізгі мақсатымыз – тарихи, мәдени және табиғи артықшылықтарымызды тиімді пайдалана отырып, Түркістанды халықаралық деңгейдегі туристік орталыққа айналдыру. Осы тұрғыда Қасқасу жобасының маңызы зор. Бұл тек демалыс орны ғана емес, өңір экономикасына серпін беретін, мыңдаған жаңа жұмыс орындарын ашатын, инвестиция тартатын және Түркістанның жаңа брендіне айналатын ауқымды жоба болмақ. Ең бастысы, жоба табиғатты сақтай отырып, заманауи технологияларды енгізу арқылы тұрақты туризм қағидаттарына негізделеді. Бұл бастама Түркістан облысының ғана емес, бүкіл Қазақстанның туристік әлеуетін жаңа деңгейге көтеруге мүмкіндік береді, – деді облыс әкімі.

Жоба жүзеге асқан жағдайда Қасқасу тау-курортты қаласы Түркістан облысының жаңа брендіне айналып, Қазақстанның туристік картасындағы ең ірі тартылыс орталықтарының бірі болмақ. Табиғатпен үндескен заманауи инфрақұрылым, жоғары технологиялар, ерекше сәулеттік шешімдер мен халықаралық стандарттарға сай сервис өңірдің туристік әлеуетін жаңа белеске көтереді.

НҰРЛЫБЕК НӘЛІБАЕВ ЭКОТУРИЗМДІ ДАМЫТУ МӘСЕЛЕЛЕРІН ТАЛҚЫЛАДЫ

Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің бірінші орынбасары Нұрлыбек Нәлібаев Түркістан облысына жұмыс сапары барысында «Сайрам-Өгем» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінде экологиялық туризмді дамыту мәселелеріне арналған көшпелі кеңес өткізді. Іс-шараға 50-ден астам отандық және шетелдік әлеуетті инвестор қатысып, өңірде жүзеге асырылады деп жоспарланған инвестициялық жобалар талқыланды.

Кеңес барысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, экотуризмді дамыту, табиғи аумақтарды сақтай отырып туристік инфрақұрылымды жетілдіру және инвестиция тарту мәселелеріне ерекше назар аударылды.

Қазақстан Республикасының экология және табиғи ресурстар министрі Ерлан Нысанбаев ұлттық парктердің туристік әлеуетін тиімді пайдалану, халықаралық деңгейдегі экотуризм нысандарын қалыптастыру және тұрақты туризм қағидаттарын енгізу бағытындағы жұмыстар туралы баяндады. Оның айтуынша, бұл бастамалар өңірдің туристік әлеуетін арттырып қана қоймай, жаңа жұмыс орындарын ашуға, жергілікті экономиканы дамытуға және табиғи ресурстарды тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Сондай-ақ инвесторларға көрсетілетін мемлекеттік қолдау шаралары таныстырылды.

Кездесу барысында «Сайрам-Өгем» ұлттық паркінің аумағында жүзеге асырылады деп жоспарланған бірқатар инвестициялық жоба ұсынылды. Атап айтқанда, Біркөлік шатқалында экологиялық, отбасылық және белсенді туризмді дамытуға арналған демалыс аймағын салу жобасы таныстырылды. Сонымен қатар Қасқасу шатқалында туристік-рекреациялық кешен салу және Сайрамсу шатқалында туристік инфрақұрылым қалыптастыру жөніндегі бастамалар қаралды.

Сондай-ақ Төлеби және Түлкібас аудандарында халықаралық стандарттарға сай туристік апарт-кешендер салу жоспарлары ұсынылды. Жобалар аясында апартаменттер, бутик-қонақүйлер, демалыс аймақтары, қоғамдық кеңістіктер мен сервистік нысандар салу көзделген.

Кеңесте KASKASU халықаралық тау шаңғысы кластерінің тұжырымдамасы да таныстырылды. Жоба Түркістан облысын Орталық Азиядағы жетекші тау туризмі орталықтарының біріне айналдыруға бағытталған. China Construction Sixth Engineering Bureau Corp. LTD компаниясымен бірлесіп жүзеге асыру жоспарланып отырған жоба аясында халықаралық стандарттарға сай тау-курорттық инфрақұрылым қалыптастыру көзделген.

Жоба шеңберінде туристік ауылдар, қонақүйлер, отбасылық демалыс аймақтары, спорт және ойын-сауық нысандары, сондай-ақ заманауи аспалы жолдар салу жоспарланған. Курорттың жыл бойы жұмыс істеуіне мүмкіндік беретін инфрақұрылым қалыптастырылып, өңірдің туристік тартымдылығын арттыру көзделуде. Жобаның жалпы инвестициялық көлемі шамамен 172 млрд. теңгені құрайды.

Кеңес қорытындысы бойынша Нұрлыбек Нәлібаев экотуризм табиғатты қорғау мен экономикалық дамуды ұштастыратын маңызды бағыт екенін атап өтті. Оның айтуынша, инвестициялық жобаларды іске асыру кезінде құрылыс сапасына, экологиялық талаптардың сақталуына және белгіленген мерзімдердің орындалуына ерекше назар аудару қажет.

«Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес, экотуризм экономиканың басым бағыттарының бірі ретінде айқындалды. Бұл – табиғи байлығымызды сақтай отырып, оны ел игілігіне тиімді пайдалану жолындағы маңызды бастама. Сондықтан барлық ұсыныс мұқият зерделеніп, нақты есептелген әрі жүзеге асатын жобаларға басымдық берілуі тиіс. Біз бастамашыл және жауапты инвесторларды қолдауға дайынбыз. Ең бастысы – сапалы нәтижеге қол жеткізу және жобаларды уақтылы жүзеге асыру», — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Премьер-министрдің бірінші орынбасары инвестициялық жобаларды жүзеге асыруда инвесторлар жауапкершілігіне ерекше тоқталды. Оның айтуынша, әрбір жоба нақты міндеттемелер мен белгіленген мерзімдерге сәйкес орындалуы тиіс. Келісімшарт талаптары сақталмаған жағдайда жер учаскесі мемлекетке қайтарылады.

«Бізге әдемі эскиздер емес, нақты нәтиже қажет. Сондықтан әрбір жоба бойынша міндеттемелер мен жүзеге асыру мерзімі нақты белгіленуі тиіс. Егер инвестор өз міндеттемелерін орындамаса, жер мемлекетке қайтарылады», — деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Жұмыс сапары барысында Нұрлыбек Нәлібаев Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеровпен бірге тікұшақ арқылы «Сайрам-Өгем» ұлттық паркінің аумағын әуеден шолып, табиғи және туристік әлеуетімен танысты. Табиғи экожүйені сақтау және туристік инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстар қаралды.

Көшпелі кеңес қорытындысы бойынша жауапты мемлекеттік органдарға және инвесторларға экотуризмді дамытуға бағытталған жобаларды жедел іске асыру, инвесторлармен өзара іс-қимылды күшейту, ұлттық парктің халықаралық туристік тартымдылығын арттыру және барлық жобалардың сапалы әрі белгіленген мерзімде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету жөнінде нақты тапсырмалар берілді.

БЕС АЙДА 32 МЫҢҒА ЖУЫҚ ШЕТЕЛДІК ТУРИСТ КЕЛГЕН

2026 жылдың алғашқы бес айының қорытындысы бойынша Түркістан облысына 143 100 турист саяхаттап келген. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 15,6 пайызға артық. Саяхатшылардың 77,8 пайызы – отандық туристер болса, 22,2 пайызын шетелдік қонақтар құрайды. Бұл туралы облыс әкімі Нұралхан Көшеровтің төрағалығымен өткен жиында баяндалды. Сондай-ақ жиын барысында жыл басынан бері атқарылған жұмыстардың қорытындылары мен негізгі көрсеткіштері сараланып, алдағы жобалар таныстырылды.

Жиында облыс әкімі Нұралхан Оралбайұлы туризм саласы өңір экономикасының негізгі драйверлерінің бірі екенін атап өтіп, жауапты тұлғаларға нақты тапсырмалар жүктеді.

– Туристік нысандардағы сервистік қызмет сапасын арттыруды, туристік бағыттарды әртараптандыруды, гидтерді даярлау және қайта даярлау жұмыстарын күшейтуді, инвестициялық жобаларды уақытылы іске асыруды тапсырамын. Сонымен қатар халықаралық және ішкі туристер ағынын ұлғайту мақсатында өңірдің туристік әлеуетін шетелдік және отандық нарықтарда кеңінен насихаттау, цифрлық платформалар арқылы жарнамалық жұмыстарды жандандыру қажет, – деді облыс әкімі.

Жиында «Open Turkistan» туристік ақпараттық орталығының директоры Асқар Абубакировтың баяндамасы тыңдалды. Оның айтуынша, жыл басынан бері Түркістан облысына 31 823 шетелдік турист келген. Бұл көрсеткіш өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 34,2 пайызға жоғары. Шетелдік қонақтардың басым бөлігі Өзбекстан, Қытай, Түркия, Ресей, Қырғызстан, Франция, Германия, Ұлыбритания, Жапония және Оңтүстік Корея мемлекеттерінен келген. Бұл Түркістан облысының халықаралық туристік бағыт ретіндегі тартымдылығының артып келе жатқанын көрсетеді.









Өңірдегі ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен табиғи демалыс орындарына келушілер саны да өсуде. Есепті кезеңде табиғи аумақтарда 60 100 адам демалып, көрсеткіш 2,1 пайызға артты. Ал туризм саласына тартылған инвестиция көлемі 36,3 млрд. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда екі есеге өсті.

Қазіргі таңда облыс аумағында 11 туроператор, 45 туристік агенттік және 43 сертификатталған гид қызмет көрсетуде. Туристерге көрсетілетін қызмет сапасын арттыру мақсатында гидтердің біліктілігін жетілдіру, сервистік мәдениетті қалыптастыру, бірыңғай дерекқор мен гидтерге арналған арнайы чат-ботты дамыту бағытында жұмыстар жүргізілуде.

Түркістан халықаралық әуежайы арқылы бүгінде 9 бағыт бойынша тұрақты әуе қатынасы жүзеге асырылуда. Оның ішінде 7 бағыт – ішкі, 2 бағыт – халықаралық рейстер.

Түркістан облысында оқиғалық туризм де қарқынды дамып келеді. Жыл басынан бері 50-ден астам іс-шара ұйымдастырылып, оған 100 мыңға жуық адам қамтылды. Атап айтқанда, Turkistan Night Run халықаралық жүгіру жарысы, Ethno Fashion Show, қолөнершілер көрмелері, TEDx Turkistan конференциясы, бизнес форумдар мен түрлі шеберлік сабақтары өткізілді.

Бүгінде Түркістан облысында туризмді дамыту бағытында бірқатар ірі жобалар жүзеге асырылып, жаңа бастамалар қолға алынуда. Нәтижесінде өңірдің туристік әлеуеті артып, Түркістан халықаралық деңгейдегі тартымды туристік орталық ретінде дамуын жалғастыруда.

ЭКСКУРСИЯЛЫҚ АВТОБУС ЖОЛҒА ШЫҚТЫ

Түркістан қаласында туристерге сапалы сервистік қызмет көрсету және қаланың туристік инфрақұрылымын дамыту мақсатында Smart Shuttle Bus Turkistan қалалық экскурсиялық маршруты іске қосылды.

Жаңа жобаның жұмысымен алғашқылардың бірі болып Түркістан қаласының әкімі Әзімбек Пазылбекұлы танысты. Қала басшысы туристерге арналған заманауи «Red Bus» экскурсиялық автобусына мініп, оның жайлылығы, қауіпсіздігі және қызмет көрсету мүмкіндіктерін арнайы тексерді.

Smart Shuttle Bus Turkistan жобасы Түркістанның негізгі туристік және әлеуметтік нысандарын бір маршрутқа біріктіреді. Маршрут әуежайдан басталып, теміржол вокзалы, Жаңа мешіт, Ботаникалық бақ, Мұз сарайы, Әкімшілік-іскерлік орталық, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Керуен-сарай туристік кешені, Қолөнершілер орталығы, Этноауыл, Ескек есу арнасы, Гауһар ана кесенесі және Орталық базар бағыттарын қамтиды.

Жоба аясында туристерге арналған заманауи цифрлық сервистер енгізілген. Атап айтқанда, QR-код арқылы билет сатып алу, 1 және 3 күндік Turkistan Pass жүйесі, үш тілдегі аудиогид, Telegram және WhatsApp чат-боттары, онлайн карта мен GPS мониторинг қызметтері қолжетімді болады. Сонымен қатар жолаушылар автобустың нақты уақыттағы қозғалысын және келу уақытын бақылау мүмкіндігіне ие болады.

Экскурсиялық автобустар Wi-Fi желісімен, кондиционермен және USB қуаттау құрылғыларымен жабдықталған. Қозғалыс аралығы 15–20 минутты құрайды. Автобус күн сайын Визит центр автотұрағы мен Керуен сарай алдынан сағат 08:00-ден 23:00-ге дейін қызмет көрсетеді.

Айта кетейік, «Red Bus» экскурсиялық автобусының сыйымдылығы 65 орынға арналған. Билет құны балалар үшін – 2 000 теңге, ересектер үшін – 3 000 теңге. Баға құрамына трансфер, гид және координатор қызметтері кіреді.

ТУРИСТІК МАРШРУТТЫҢ ЖОБАСЫ ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Түркістан облысында туризм саласын дамыту бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жалғасуда. Осы ретте Түркістан облысының әкімі Нұралхан Көшеров шаһардағы арбатқа арнайы барып, «KÖNE ARBAT» туристік маршрутының жобасымен танысты.

Аталған нысан 0,98 гектар аумақты қамтиды. Жалпы ауданы – 8307,40 шаршы метр. Жоба туристер мен қала тұрғындарының жайлы демалуына қолайлы жағдай жасауға, сондай-ақ кәсіпкерлік пен мәдени туризмді дамытуға бағытталған.

Жоба аясында арбат аумағы кеңейтіліп, коммерциялық нысандар, террасалар, автотұрақ салу және абаттандыру жұмыстары жүргізіледі деп күтілуде. Мәселен, іске асырылатын коммерциялық үй-жайлардың жалпы ауданы 1090,94 шаршы метр болса, террасалардың жалпы ауданы – 368 шаршы метр. Автотұрақ алаңы 4225 шаршы метр. Ал абаттандыру жұмыстары жүргізілетін аумақ көлемі 2283 шаршы метрді қамтиды.

Сонымен қатар жаңа туристік кеңестікте көрме, кофехана, экспозициялық залдар, ашық қоғамдық алаң, реставрациялық шеберханалар, көлеңкесі бар демалыс аймақтар, мәдени іс-шаралар өткізуге арналған арнайы алаңдар қарастырылған.

Жоба сәулетшілері этномұражай салу ұсынысын да жеткізді. Бұл нысан мәдени жады мен заманауи сәулетті ұштастыратын бірегей кеңістік ретінде жобаланған. Жоба Көне түрік дүниетанымындағы «Үш әлем» тұжырымдамасына негізделген. Су айдындары мен сәулеттік элементтер тарих пен қазіргі заман арасындағы үндестікті айқындап, келушілер үшін ерекше атмосфера қалыптастырады. Сондай-ақ жоба аясында заманауи креативті орталық салу ұсынысы да енгізілген. Нысан Түркістанның мәдени мұрасын қазіргі сәулет тілі арқылы жаңаша түсіндіріп, шығармашылыққа білім беруге, қарым-қатынас пен креативті индустрияларды дамытуға арналған ашық кеңістік қалыптастырады.

Өңір басшысы жобалармен танысып, Түркістанның туристік әлеуетін арттырудағы маңызын атап өтті. Сонымен бірге жауаптыларға жобаны жетілдіріп, тарихи сәулет үлгілерімен ұштастырып, жұмысты бекітілген мерзімде аяқтауды тапсырды.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЖАСТАР ЛАГЕРІ – ДОСТЫҚ ПЕН ӨЗАРА ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫ НЫҒАЙТАТЫН ОРТА

Түркістан қаласындағы «Достық үйінде» Қазақстан халқы Ассамблеясының қолдауымен ұйымдастырылған «Бірлік» халықаралық жастар лагерінің ашылуына арналған пленарлық отырыс өтті.

Лагерге республикамыздың барлық өңірінен және көршілес Өзбекстан мемлекетінен арнайы жастар қатысуда.

Жиынды «Қоғамдық келісім» РММ директорының орынбасары Руфина Усанова модератор ретінде жүргізді.

Іс-шараға Түркістан облысы әкімінің орынбасары Ертай Алтаев, Түркістан облыстық ҚХА жанындағы Аналар кеңесінің төрағасы Гүлсара Тоққұлова, «Ассамблея жастары» РҚБ төрағасы Тимур Джумурбаев, Өзбекстан Республикасы Олий Мәжілісі Заң шығару палатасы жанындағы Жастар парламентінің мүшесі Элмурод Эркинов және «Ассамблея жастары» РҚБ Түркістан облыстық өкілдігінің жетекшісі Нодиржон Хасантаев қатысып, жастарға ізгі тілектері мен лебіздерін білдірді.

Пленарлық отырыс барысында қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайтудағы жастардың рөлі, этносаралық татулықты сақтау және азаматтық белсенділікті арттыру мәселелері кеңінен талқыланды. Сондай-ақ өңірдің қоғамдық өміріне белсенді атсалысып жүрген қызметкерлер мен жастар марапатталды.

Үш күнге жоспарланған лагерь аясында қатысушылар үшін көшбасшылық, дипломатия, мемлекеттік басқару, қоғамдық келісім және қоғамдық белсенділік бағыттарында тәжірибелік тренингтер мен пікір алмасу алаңдары ұйымдастырылады.

«Бірлік» халықаралық жастар лагері жастар арасындағы достық пен өзара ынтымақтастықты нығайтуға, қоғамдық келісім құндылықтарын дәріптеуге және жас буынның азаматтық жауапкершілігін арттыруға бағытталған.

ЖАСТАРМЕН АШЫҚ ПІКІР АЛМАСТЫ

Түркістан облысында өтіп жатқан «БІРЛІК ЛАГЕРІ – 2026» аясында облыс әкімінің орынбасары Ертай Алтаев этнос жастарымен еркін форматта кездесті. Басқосуға сондай-ақ «Ассамблея жастары» республикалық қоғамдық бірлестігінің төрағасы Тимур Жұмырбаев қатысып, жастармен ашық пікір алмасты.

Төлеби ауданындағы «Тау Самалы» демалыс аймағында өткен кездесу барысында жастар өз ой-пікірлерін ашық айтып, өңірдің қоғамдық өміріне, жастар саясатына және этносаралық келісімді нығайтуға қатысты ұсыныстарын ортаға салды. Ашық әрі шынайы сұхбат жастардың белсенді азаматтық ұстанымын танытып, өзара сенім мен түсіністікті одан әрі арттырды.

Еркін әңгіме барысында жастарға жаңа мүмкіндіктер, бастамаларды қолдау және бірлік пен татулық құндылықтарын дәріптеудің маңыздылығы туралы мазмұнды пікір алмасу өтті.

Сонымен қатар лагерь бағдарламасы аясында өткен ұлттық және зияткерлік спорт түрлері бойынша сайыстардың жеңімпаздарын марапаттау рәсімі ұйымдастырылды. Садақ ату, асық ату, арқан тарту, шахмат және тоғызқұмалақ жарыстарында үздік нәтиже көрсеткен қатысушылар арнайы дипломдармен және қаржылай сертификаттармен марапатталды.

Айта кетсек, «БІРЛІК ЛАГЕРІ – 2026» – бұл тек демалыс алаңы ғана емес, достықты нығайтатын, көшбасшылық қасиеттерді дамытатын және бірлік пен татулық құндылықтарын дәріптейтін маңызды жастар платформасы. Лагерь жастардың бастамаларын қолдап, олардың қоғам өміріне белсенді қатысуына жағдай жасауға бағытталған.

ЖАСТАР ТУҒАН ЖЕРГЕ ЖАНАШЫРЛЫҚ ТАНЫТУДЫҢ ҮЛГІСІН КӨРСЕТТІ

«Таза Қазақстан» бағдарламасы аясында аудан көлемінде кезекті жалпыхалықтық сенбілік ұйымдастырылып, оған 1800-ге жуық мемлекеттік және квазимемлекеттік мекеме қызметкерлері, жергілікті тұрғындар мен белсенді жастар қатысты.

Аудан әкімі Серік Мамытовтың тапсырмасына сәйкес өткен ауқымды тазалық шарасының негізгі мақсаты – қоршаған ортаның тазалығын сақтау, елді мекендердің көркеюіне үлес қосу және тұрғындардың экологиялық мәдениетін қалыптастыру болды. Сенбілік барысында қатысушылар жол жиектері мен ішкі көшелерді тазалап, саябақтар мен скверлердің аумақтарын ретке келтірді.

Сонымен қатар қоғамдық орындардағы шөптер шабылып, жол бойындағы және жаяу жүргіншілер аймақтарындағы бардюрлер сырланды. Атқарылған жұмыстардың нәтижесінде елді мекендердің келбеті жаңарып, тұрғындар үшін қолайлы әрі таза орта қалыптастыруға тағы бір қадам жасалды.

Тазалық акциясына белсенді қатысқан жастар қоршаған ортаны қорғау мен туған жерге жанашырлық танытудың маңыздылығын көрсетті. Олар тұрғындарды қоғамдық орындардың тазалығын сақтауға және экологиялық бастамаларды қолдауға шақырды.

Мұндай игі шаралар қоғамда жауапкершілік мәдениетін қалыптастырып қана қоймай, тұрғындардың бірлігін нығайтып, туған өлкенің дамуына деген ортақ қамқорлықты арттырады.

«Таза ортаны әрбір азаматтың денсаулығы мен жайлы өмір сүруінің кепілі» деп білетін жетісайлық тұрғындар табиғатты аялау мен тазалықты сақтау ісіне белсенді атсалысып, үлгілі азаматтық ұстанымдарын тағы бір мәрте дәлелдеді.

МАҢЫЗДЫ БАСТАМА МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Түркістан облысы әкімдігінің және Түркістан облысы бойынша Экономикалық тергеп-тексеру департаментінің бірлесе ұйымдастыруымен «Жаңа Конституция жастардың құқықтық мәдениеті: Тәртіпке тартыл» тақырыбындағы облыстық белтемірге тартылу жарысының финалдық кезеңі өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты жастар арасында салауатты өмір салтын насихаттау, құқықтық мәдениетті қалыптастыру, заңға құрметті арттыру, сондай-ақ құқық бұзушылықтың, лудоманияның және қаржылық алаяқтықтың алдын алу болды.

Жоба аясында облыс көлемінде өткен іріктеу кезеңдері мен финалдық сайысты қоса алғанда жалпы саны 10000-нан астам жас қамтылып, өз бақтарын сынады. Бұл көрсеткіш жастардың спортқа деген қызығушылығының жоғары екенін және салауатты өмір салтын ұстануға деген ынтасының артып келе жатқанын көрсетті.

Жарыс барысында Түркістан облысының 17 аудан, қаласынан іріктеліп келген қатысушылар өзара бақ сынасып, күш-қуаты мен төзімділіктерін көрсетті. Қатысушылар жоғары дайындық деңгейін байқатып, тартысты бәсеке өрбіді.

14-20 жас аралығы

I орын – Мамедов Али (Сарыағаш қаласы)

II орын – Жарылқасын Айбек (Созақ ауданы)

III орын – Николай Олександр (Созақ ауданы)

21-28 жас аралығы

I орын – Сағымбеков Елнұр (Түлкібас ауданы)

II орын – Совет Бегасыл (Бәйдібек ауданы)

III орын – Әріппай Мағжан (Қазығұрт ауданы)

29-35 жас аралығы

I орын – Волкотюк Илья (Арыс қаласы)

II орын – Орынтай Нұрболат (Түркістан қаласы)

III орын – Абдурахманов Елнұр (Кентау қаласы)

Сонымен қатар, жарысқа белсенді қатысып, жоғары нәтиже көрсеткені үшін «Күш символы» номинациясымен төмендегі қатысушыларға ынталандыру сыйақысы табысталды:

Альжанов Жанғали (Төле би ауданы)

Расулов Нұрсұлтан (Түркістан қаласы)

Рустамбеков Альмардан (Сайрам ауданы)

Аталған жоба жастар арасында бұқаралық спортты дамытуға, салауатты өмір салтын дәріптеуге, тәртіп пен жауапкершілік құндылықтарын нығайтуға бағытталған маңызды бастамалардың бірі ретінде өз мәресіне жетті.



КЕҢ КӨЛЕМДЕ АҚПАРАТ БЕРІЛДІ

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Кентау қаласында NEET санатындағы жастардың санын азайту мақсатында аула аралау және ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Іс-шара аясында тұрғындарға мемлекеттік қолдау шаралары, жұмыспен қамту бағытындағы бағдарламалар және кәсіптік білім алу мүмкіндіктері жөнінде кең көлемде ақпарат берілді.

Сонымен қатар мамандар Кентау қалалық Мансап орталығы мамандарымен кездесіп, жұмыспен қамту саласында атқарылып жатқан жұмыстармен танысты. Кездесу барысында еңбек нарығындағы өзекті мәселелер, бос жұмыс орындары, жұмысқа орналастыру тетіктері, кәсіптік оқыту және мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру барысы талқыланды.

Тараптар алдағы уақытта NEET санатындағы жастарды анықтау, оларды жұмыспен қамту шараларына тарту және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын бірлесіп жүргізу бағытында пікір алмасты.

Мұндай жұмыстар халықты мемлекеттік қолдау тетіктері туралы хабардар етуге, жұмыспен қамту саласындағы өзара іс-қимылды күшейтуге және өңірдегі жастар саясатын тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді.

« ЕРТЕҢІҢДІ ОЙЛАСАҢ – ЕСІРТКІГЕ ЖОЛАМА»

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен «Ертеңіңді ойласаң - есірткіге жолама» тақырыбында семинар-тренинг өтті.

Іс-шараның мақсаты - жастарға есірткінің адам ағзасына, психикасына және болашағына тигізетін зардаптарын түсіндіру, денсаулыққа жауапкершілікпен қарауға баулу және зиянды әдеттерден бойын аулақ ұстауға ынталандыру.

Семинар барысында қатысушыларға есірткінің адам өміріне тигізетін кері әсері, тәуелділіктің салдары және оның әлеуметтік ортаға ықпалы туралы жан-жақты ақпарат берілді. Сондай-ақ өмірлік құндылықтарды бағалау, дұрыс таңдау жасау және жеке жауапкершіліктің маңызы жөнінде пікір алмасты.

Тренинг барысында жастар түрлі тапсырмалар орындап, өз көзқарастарын ортаға салды. Қатысушылар пайдалы дағдыларды қалыптастырудың маңызын түсініп, салауатты өмір салтының артықшылықтары жөнінде мол мағлұмат алды.

Аталған шара жастардың денсаулығын нығайтуға, зиянды әдеттердің таралуының алдын алуға және саналы әрі белсенді ұрпақ тәрбиелеуге бағытталған маңызды бастамалардың бірі болды.

«ДӘСТҮР & ТРЕНД»

Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен



«Дәстүр & Тренд» атты ойын сайысы өтті.

Іс-шараның негізгі мақсаты - жастардың бос уақытын тиімді пайдалану, ұлттық құндылықтарды насихаттау, сонымен қатар қатысушылардың ойлау қабілетін, шапшаңдығын және белсенділігін арттыру.

Сайыс барысында ұлттық танымға негізделген сұрақтар мен заманауи бағыттағы тапсырмалар кезең-кезеңімен ұсынылып, жастардың білім-білігі мен логикалық ойлау дағдылары сынға түсті.

Қатысушылар топтық форматта белсенділік танытып, өзара пікір алмасып, жылдам шешім қабылдау қабілеттерін көрсетті. Еркін форматта өткен шара жастарға көтеріңкі көңіл күй сыйлады.

Шара соңында ұйымдастырушылар жастарды бос уақытын тиімді өткізуге, ұлттық құндылықтарды құрметтеуге және заманауи ортада белсенді болуға шақырды.

МАНСАПҚА АЛҒАШҚЫ ҚАДАМ

Түркістан облысы Қоғамдық даму басқармасының «Жастар ресурстық орталығы» КММ ұйымдастыруымен және Полиция департаментінің қатысуымен бос жұмыс орындары жәрмеңкесі өтті.

Іс-шара барысында жастарға құқық қорғау саласындағы қызметтің ерекшеліктері, мансаптық өсу мүмкіндіктері мен жұмысқа орналасу талаптары туралы жан-жақты ақпарат берілді.

Қатысушылар жұмыс берушілермен тікелей байланыс орнатып, өздерін қызықтырған сұрақтарға жауап алды.

Жастарға жаңа мүмкіндік сыйлаған жәрмеңке көптеген қатысушылар үшін болашақ мамандығына бастар маңызды қадам болды.

КӨҢІЛДІҢ ХОШЫ — ЖАННЫҢ ШИПАСЫ

Адам баласының ішкі үйлесімділігі мен жан сарайының бүтіндігі — кемел келешектің басты кепілі. Осы ретте, Түркістан облысы қоғамдық даму басқармасы «Жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің ұйытқы болуымен өскелең ұрпақтың өресін биіктетіп, рухын шыңдауға бағытталған «Жақсы көңіл-күй — жан азығы» атты тағылымы мол семинар-тренинг жалауын желбіретті. Осынау алқалы жиын жас буынның санасына сәуле түсіріп, заманауи қоғамдағы өзекті мәселелердің біріне айналған психологиялық тұрақтылықты нығайтуды көздеді.

Аталмыш іс-шараның негізгі мақсат-мұраты — жастардың психологиялық саулығына қозғау салу, олардың бойында жағымды эмоциялық орта қалыптастыру және бүгінгі күннің басты дертіне айналған ішкі күйзелістер мен мазасыздықтың алдын алу болып табылады. Күйбең тіршіліктің қарбаласында жас жүректің қажымауына, сезім мен парасаттың тепе-теңдігін сақтауына жағдай жасау — бүгінгі күннің басты талабы екені даусыз.

Тағылымды тренинг барысында қатысушылар тек құрғақ теориямен шектелмей, сан түрлі психологиялық жаттығулар мен сергіту сәттерінің бел ортасында жүрді. Бойдағы бұйығылықты сейілтіп, серпіліс сыйлаған

бұл сәттер жастардың өз-өзін басқару, күйзеліспен күресу және зердеде жағымды ой қалыптастыру бағытындағы таным-түсінігін кеңейте түсті. Сонымен қатар, арнайы сынақтан өткен әдіс-тәсілдер мен өзара ықпалдасу амалдары арқылы жастардың арасындағы бауырмалдық пен қарым-қатынас нығайып, олардың емен-жарқын жүздесуіне, еркін пікір алмасуына кеңінен мүмкіндік жасалды.

Кездесу шымылдығы түрілгеннен бастап қатысушылар ерекше белсенділік танытып, көкірек көзін ашатын психологиялық тапсырмаларды жіті орындады. Бұл үрдіс әрбір жастың өз ішкі әлеміне үңіліп, өзін жаңа қырынан тануына, бойындағы жасырын тұрған ішкі әлеуеті мен қарым-қабілетін дамытуға батыл қадам жасауына септігін тигізді. Тұнық ой мен ішкі қуаттың көзін ашқан бұл кезең жиынның сәнін кіргізе түсті.

Еркін форматта, сырласу мен сыйластық аясында өрбіген шара жастардың көтеріңкі көңіл-күй қалыптастыруына, өзара түсіністік пен ынтымақты арттыруына және алтыннан қымбат уақыттарын мазмұнды да мәнді өткізуіне зор ықпал етті. Бұл басқосу жай ғана уақыт өткізу емес, жан дүниені рухани тұрғыдан байытудың жарқын үлгісі болды.

Түйіндей айтқанда, осындай келісті іс-шаралар жас буынның психологиялық тұрақтылығын арттырып, өмірге деген оң көзқарасын нығайтуға және қоғамда белсенді, сергек орта құруға өлшеусіз септігін тигізері сөзсіз. Рухы бекем, көңілі сергек жастар — ұлттың басты байлығы.

« IQ: МҮМКІНДІК»

Жастардың мемлекеттік бағдарламалар туралы ақпараттылығын арттыру және олардың танымдық белсенділігін дамыту мақсатында «IQ: Мүмкіндік» интеллектуалды сайысы ұйымдастырылды.

Іс-шара барысында қатысушылар мемлекеттік қолдау тетіктері, оның ішінде «Жастар практикасы» бағдарламасы бойынша білімдерін сынап, түрлі форматтағы қызықты сұрақтарға жауап берді. Зияткерлік сайыс жастардың логикалық ойлау қабілетін дамытып қана қоймай, мемлекеттік бағдарламалардың мүмкіндіктері туралы жан-жақты ақпарат алмасу алаңына айналды.

Аталған іс-шара жастарды еңбек нарығына бейімдеуге, кәсіби тәжірибе жинақтауға және мансаптық мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға бағытталған мемлекеттік бастамаларды кеңінен насихаттауға ықпал етті.

Осындай танымдық жобалар арқылы жастардың құқықтық және әлеуметтік сауаттылығын арттыру, олардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру жұмыстары алдағы уақытта да жалғасын табады.

ПРЕЗИДЕНТ ҚОС ПАЛАТАҒА ҚОШ АЙТТЫ: ҚҰРЫЛТАЙҒА ТЕК ҮЗДІКТЕР КІРУІ КЕРЕК!

(Соңы. Басы 1-бетте).



Тек кейінгі үш жылдың өзінде 300-ден астам өте маңызды заң қабылданды. Олардың қатарында еліміздің алдағы биік белестерінің сенімді арқауы болатын, тарихи мәні зор конституциялық заңдар мен кодекстер бар. Біз біртұтас ұлт болып мемлекетімізді түбегейлі жаңғырту ісін қолға алдық. Экономикадан бастап қоғамдық құндылықтар жүйесіне дейін – ел өмірінің барлық саласында ауқымды өзгерістер жасалды. Әрине, дәуірлік ауқымдағы мұндай реформалардың бел ортасында жүру – зор мәртебе әрі үлкен жауапкершілік. Осы тұрғыдан алғанда, сіздер өздеріңізге жүктелген міндетті абыроймен атқарып шықтыңыздар. Әділетті әрі Қуатты Қазақстанды құру үшін қажырлы еңбек еттіңіздер. Сіздердің табанды, мардымды еңбектеріңіз еліміздің жылнамасында қалатынына күмән болмауы керек. Дегенмен уақыт бір орында тұрмайды, зымырап өтіп жатыр. Көз ілеспес жылдамдықпен өзгеріп жатқан қазіргі кезеңде шын мәнінде жаңашыл әрі батыл қадамдар жасалуға тиіс. Осы өзекті мәселені мен бұрын да бірнеше рет айтқам. Бұл – заман талабы», - деді.

Президент: «Бәріңізге белгілі, ертең мемлекеттік басқару жүйесін түбегейлі жаңғырту жұмысы ресми түрде бастау алады. Мұны кезекті әкімшілік реформа деп түсінуге болмайды. Себебі, бұл – еліміз үшін мүлде жаңа тарихи кезең басталады, яғни мақсаты да, мағынасы да мүлде бөлек, бұрын-соңды болмаған өзгерістер іске асады деген сөз. Басқаша айтсақ, біз қазақ мемлекеттігінің «ғимаратына» күрделі жөндеу жүргізуді көздеп отырмыз. Біз ел Тәуелсіздігінің мызғымас тұғыры мен іргетасын көздің қарашығындай сақтап, мемлекеттік басқару жүйесін жетілдіре түсуге міндеттеміз. Бұл – аса маңызды міндет. Оған мемлекеттік қызметте, академиялық институтта, ғылыми және саяси зерттеулер орталықтарында, үкіметтік емес секторда, халықаралық ұйымдарда қызмет ететін, осы іске қатысы бар азаматтардың барлығы атсалысуы қажет. Былтырғы Жолдауымда Қазақстанды үш жылдың ішінде дамыған цифрлық мемлекетке айналдыру жөнінде міндет қойғанымды білесіздер. Еліміздің келешегі осы мақсатты қалай іске асыратынымызға байланысты. Біз Қазақстанның Тәуелсіздігі мен Егемендігін сенімді түрде қорғау мәселесін әлі түбегейлі шешкен жоқпыз. Мұны ешқашан естен шығармайық. «Жау жоқ деме жар астында» деген тәмсілді әрқашан қаперде ұстаған жөн. Біздің басты мұратымыз – халықтың әл-ауқатын арттырып, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, азаматтардың тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл көрсеткіштерді ұдайы көтеріп, осы үрдісті үздіксіз жалғастыра беруіміз қажет. Сондықтан біздің мұндай кезде қол қусырып отыруға құқымыз жоқ. Алдымызда тұрған аса ауқымды әрі күрделі міндеттерді табысты жүзеге асыру үшін табанды, нәтижелі еңбек етуіміз керек. Осы тұста бірлесіп атқарған жұмысты қорытындылап, алдағы даму жоспарымызды айқындап алу қажет деп санаймын», - деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Бірінші. Мемлекеттік биліктің жаңа құрылымын қалыптастыру. Әлгінде айтып өткенімдей, осы шақырылымдағы Парламент депутаттары заң шығару ісінде сапалы жұмыс атқаруымен есте қалады. Депутаттар корпусы өз қызметінде бұрын-соңды болмаған нәтиже көрсетті. Сіздер Әділетті Қазақстанның негізін қалау үдерісіне, сондай-ақ Конституцияны әзірлеп, қабылдауға зор үлес қостыңыздар. Кез келген депутат саясаткерлер мен қоғам қайраткерлерінің келесі буынына, балалары мен немерелеріне: «Мен 2026 жылы қабылданған Конституцияны дайындауға тікелей қатысқанмын» деп еш ұялмай айта алады. Жалпы, депутаттық корпус парламенттік реформаны толық қолдады. Сол арқылы саяси және азаматтық жауапкершілік танытып, ұлт мүддесі бәрінен биік тұратынын бүкіл әлемге паш етті. Осында отырған біраз депутат Конституциялық комиссия құрамында болды. Сіздер азаматтармен кездесіп, мемлекетіміздің тұрпатын өзгертетін, экономикалық әлеуетін күшейтетін реформалардың мән-маңызын жұртшылыққа жан-жақты түсіндіріп бердіңіздер. Сіздер жалпыхалықтық референдумда Ата заңымыз қабылданған соң мемлекетіміздің құқықтық жүйесін жедел әрі сапалы жаңарту жұмысын жүргіздіңіздер. Өте қысқа мерзімде еліміздің заңнамасын жаңа Конституция нормаларына сай өзгерту жұмысын атқардыңыздар. Атап айтқанда, Парламент 9 заң топтамасын, соның ішінде 6 конституциялық заңды шұғыл әзірлеп, қабылдады», - деді.

Мемлекет басшысы: «Нәтижесінде мемлекеттік биліктің «Күшті Президент – ықпалды Құрылтай – есеп беретін Үкімет» деген базалық формуласы толыққанды институционалдық мәнге ие боды. Жаңарған билік тармақтарының теңгерімді жүйесінде Президент Тәуелсіздік пен мемлекет тұтастығының символы, Конституцияны және азаматтардың заңды құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде бұрынғыдай басты рөл атқарады. Қазақстан президенттік республика болып қала береді. Мұны түсіну, ескеру өте маңызды. Яғни Президент – мемлекеттің ең жоғары лауазымды тұлғасы, Қарулы күштердің Жоғарғы Бас қолбасшысы, барлық құқық қорғау органдарының басшыларын тағайындайды, елдің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын айқындайды, Қазақстан атынан халықаралық аренада өкілдік етеді. Сонымен қатар жаңғырту жұмыстары парламенттік жүйені одан әрі трансформациялау тетіктерін де қарастырады. Құрылтайдың алдында барлық бюрократиялық рәсім түріндегі кедергілерді жою, заң шығару ісінің жеделдігі мен сапасын арттыру, білікті сарапшылардың және консультанттардың қызметін тиімді ұйымдастыру міндеті тұр. Жаппай цифрландыру және жасанды интеллект дәуірінде Құрылтайға ұлттық заңнаманы тез өзгеріп жатқан цифрлық матрица жағдайына шұғыл бейімдеу үшін қарқынды жұмыс істеуге тура келеді. Бұл – өте маңызды. Қазақстанның жаһандық бәсекеге қаншалықты дайын екені осыдан көрінеді», - деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Құрылтай технологиялық прогрестің жетекші факторы болады деп үміттенемін. Былтыр қазан айында өткен Парламенттік реформа жөніндегі жұмыс тобының алғашқы отырысында мен толыққанды e-Parliament жүйесін енгізу мәселесін көтерген едім. Қазақстан e-Government, яғни Электрондық үкіметтің даму деңгейі бойынша жаһандық рейтингте әлемдегі үздік 25 елдің қатарына кірді. Енді Электрондық Парламентті қалыптастыруға және дамытуға көп күш-жігер жұмсауымыз қажет. Жаңадан сайланған депутаттар заң шығару ісінде болжамды сараптамаға, Үлкен деректерді басқару арқылы кез келген шешімнің экономикалық салдары мен әлеуметтік тәуекелдерін модельдеуге баса мән беруі керек. Маңызды заң жобаларын сарапшылармен және жауапты қоғам белсенділерімен бірге талқылаған жөн. Цифрлық құралдарды пайдалану қажет. Бұл пікірталасқа қатысушылар санын көбейтіп, мәселені нағыз қоғамдық талқыға салуға мүмкіндік береді. Құрылтай жалпыұлттық деңгейдегі ашық диалог алаңы ретінде қызмет етіп, қоғамды толғандырған өзекті мәселелерге дер кезінде назар аударуы қажет. Бұл – азаматтардың дәйекті өтініштері міндетті түрде ескеріліп, нақты нормативтік-құқықтық актілерді қабылдау арқылы мемлекеттік мекемелерге тиісті тапсырмалар берілуі керек деген сөз», - деді.

Мемлекет басшысы: «Шын мәнінде, тиімді жұмыс істейтін қоғамдық институттары болса ғана, Озық және Әділетті мемлекет қалыптасады. Сол себепті, мен жаңа конституциялық орган – Қазақстан Халық Кеңесін құруды ұсындым. Қазақстан Халық Кеңесі мәслихаттардың, қоғамдық кеңестердің, сарапшылар алаңы мен азаматтық қоғам ұйымдары өкілдерінің басын біріктіреді. Бұрын Қазақстан халқы ассамблеясына тиесілі болған қызметтік міндеттер енді Халық кеңесіне өтеді. Осылайша, құрылым форматы өзгергенімен, жалпыұлттық бірлігіміздің мәні ішкі саясатымыздың маңызды бағыты ретінде сақталады. Халық Кеңесі – тарихымызда алғаш рет конституциялық деңгейде құрылған диалог алаңы. Көпұлтты және әралуан Қазақстанымыздың символы. Бұрын шашыраңқы болған құрылымдар заң шығару бастамасын көтеру құқығына ие болатын Жоғары консультативтік органның аясына бірігеді. Демек, халықтың үніне құлақ асу мемлекеттік саясаттың ажырамас бөлігіне айналады. Елімізде жүргізілген реформалардың ең басты нәтижесі – азаматтардың маңызды мемлекеттік шешімдерді қабылдау үдерісіне қатыса алуы. Халықтың өз ықтиярын тікелей білдіру тетігі отыз жылға жуық уақыт бойы қолданылмай келді. Тек соңғы жылдары ғана саяси тәжірибемізге енді. 2022 жылдан бері ел тағдырына әсер ететін маңызды мәселелер бойынша үш рет жалпыұлттық референдум өтті. Бұл орайда менің ұстанымым бұрынғыдай: елдегі өзгерістердің иесі халық болуға тиіс. Алайда билік нақты бастамалар көтере алады әрі солай болуы керек. Қазірдің өзінде елімізде жүзеге асырылған реформалар билік институттарының орнықты тежемелік және теңгерім жүйесін қалыптастарды, мемлекеттік басқару сапасын арттырды деп сеніммен айта аламыз. Алайда реформалардың басты мақсаты – халықтың әл-ауқатын арттыру, өңір тұрғындарының тұрмыс сапасын жақсарту. Бұл үшін Үкімет, заң шығарушы орган, тұтас қоғам жұмыла еңбек етуі қажет», - деді.

Президент: «Екінші мәселе. Қазақстан экономикасын жаңа үлгіге көшіру. Бұл – аса маңызды стратегиялық міндет. Оған жедел түрде қол жеткізу үшін жаңа көзқарас, жаңа ұстаным қажет. Бұрынғы жұмыс тәсілдері мен әдістері тиімді болмайтыны анық. Бұған дейін де айттым: жаһандағы жағдай, жалпы халықаралық ахуал жыл өткен сайын ушығып барады. Түрлі қақтығыстар мен сынқатерлер аз емес. Бірақ біз соған қарамастан, салиқалы саясат жүргізіп, нық сеніммен алға қадам басып келеміз. Біз бұл саясатты берік ұстануымыз қажет. Былтыр экономикамыз 6,5 пайызға өсті. Мұны әлем елдерінің даму қарқынымен салыстырғанда жоғары көрсеткіш деуге болады. Жалпы ішкі өнім ел тарихында алғаш рет 300 миллиард доллардан асты. Оның жан басына шаққандағы үлесі 15 мың доллардан асып, 2019 жылдан бері бір жарым есе артты. Бұл – Тәуелсіз мемлекеттер достастығы елдері арасындағы ең жоғары нәтиженің бірі. Инфляция бағамы төмендеді: биылғы бес айдың қорытындысы бойынша оның деңгейі 10,4 пайызға дейін түсті. Бірақ бұл көрсеткішті әлі де төмендету керек. Қазақстанның қаржы жүйесі тұрақты. Ұлттық валютамыз да өз тұғырында нық тұр, сыртқы қауіп-қатерлерден сенімді түрде қорғалған деп айтсақ, қате болмайды. Жалпы, Парламент Үкіметпен және Ұлттық банкпен бірлесіп, тиімді жұмыс атқарды. Қазіргі таңдағы ең өзекті мәселе – Ұлттық банктің негізгі пайыздық ставкасы. Бұл мәселені пайымдап шешу керек. Өздеріңіз қабылдаған Бюджет және Салық кодекстеріне сәйкес еліміздің экономикалық жүйесі толығымен қайта жаңғырды және мемлекет қаржысын басқаруға қатысты ұстаным түбегейлі өзгерді. Осылайша, Қазақстан экономикасының жаңа келбетіне жол ашуға қажетті негіз қалыптасты», - деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Үшінші міндет. Еліміздің энергетикалық және инфрақұрылымдық негізін нығайту. Экономиканың жаңа үлгісіне көшу үшін алдымен энергетикалық, инженерлік және көлік-логистикалық инфрақұрылымды толыққанды дамыту қажет. Бұл маңызды үштаған кез келген елдің, соның ішінде Қазақстанның да негізгі тірегі саналады. Сондықтан біз энергетикалық және коммуналдық салаларды жаңжақты жаңғырту жұмысын қолға алдық. Осы мақсатта бұрын-соңды болмаған ауқымдағы Ұлттық жобаны іске асыру туралы шешім қабылданды. Оны жүзеге асыру үшін тек биылдың өзінде 1 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр. Артық шығынға әкеп соғатын тиімсіз «әрлеу, яғни жөндеу» тәсілінен бас тартып, өмір сүру сапасына тікелей әсер ететін барлық нысандар мен жүйелерді түбегейлі жаңғырту жұмысы жүргізілетін болды», - деді.

Мемлекет басшысы: «Төртінші. Алдымызда толыққанды цифрлық мемлекет құру міндеті тұр. Сіздерді тыңнан түрен салып, цифрлық дәуірге жол ашқан депутаттар деуге болады. Біздің елімізде болсын, әлемде болсын – жалпы еш жерде жасанды интеллектіні заң тұрғысынан реттейтін дайын үлгі немесе тәсіл болған жоқ. Соған қарамастан, сіздер еліміздің осы саладағы өсіп-өркендеуіне берік негіз болатын тиімді құқықтық жүйені құруға елеулі үлес қостыңыздар. Мен Мемлекет басшысы ретінде мұны жоғары бағалаймын. Жаңа Конституция азаматтардың киберкеңістіктегі дербес деректерін қорғауға кепілдік береді. Бұл – Цифрлық Қазақстанды құрудың негізгі алғышарты. Қазақстан мүлдем жаңа сипаттағы Цифрлық кодекс пен «Жасанды интеллект туралы» Заң қабылдаған жаһандағы алғашқы елдердің бірі. Бұл қадам толыққанды Цифрлық ел болу үшін заманауи инфрақұрылымдық негіз қалыптастыруға мүмкіндік берді. Біз қазірдің өзінде осы жұмыстың нақты нәтижесін көріп отырмыз. Бүгінде еліміз «Үкіметтің жасанды интеллектіге дайындық индексіне» сәйкес Орталық Азияда алдыңғы қатарда тұр. Бірақ, бұл – үлкен жолдың басы ғана. Алдағы ауқымды жұмыстың негізгі бағыт-бағдары «Digital Qazaqstan» жалпыұлттық стратегиясында айқындалды. Мен бұл құжатты маусым айының басында бекіттім. Біз жасанды интеллектіні экономиканың барлық негізгі саласына енгізіп, мемлекеттік басқарудың сапасын түбегейлі жақсартуымыз керек. Осы бағытта алғашқы маңызды шаралар қолға алынды. Мен қаңтар айында банк қызметі саласына қатысты жаңа заңдарға қол қойдым. Сол арқылы цифрлық қаржы активтерін айналымға енгізудің нақты шарттары айқындалды. Сондай-ақ менің тапсырмаммен еліміздің құқықтық негізін жүйелеп, толыққанды жаңғыртуға мүмкіндік беретін Реттеу жөніндегі интеллект орталығы құрылды. Бұл қадам кәсіпкерлердің жұмысын едәуір жеңілдетпек. «Бір терезе» қағидаты бойынша қызмет көрсететін «e-Government Business» экожүйесін дамыту арқылы бизнес үшін қолайлы орта қалыптастыруға мүмкіндік туады», - деді.

Президент: «Еліміздегі цифрлық банктер мен финтех-компаниялар тұтынушыларға және кәсіпкерлерге арналған қолайлы экожүйенің негізін қалады. Қаржы, сауда жүйелері және мемлекеттік қызметтер арасында кедергісіз цифрлық кеңістік қалыптасты. Соның нәтижесінде соңғы бес жылда электронды коммерция нарығы шамамен сегіз есе ұлғайып, 3,7 триллион теңгеге жетті. Бұл – еліміздегі бөлшек сауда көлемінің шамамен 15 пайызы. Мұның бәрі азаматтарымыздың цифрлық жүйелерге деген сенімі жоғары екенін және олардың тұтынушылық мәдениеті өзгере бастағанын көрсетеді. Осы қарқынды бәсеңдетпеу үшін мемлекет тиісті инфрақұрылымды үздіксіз дамытып отыруы керек. Қуатты суперкомпьютерлерді іске қосу бұл бағыттағы маңызды қадам болды. Ол жасанды интеллекті жөніндегі теориялық тұжырымдарды мемлекеттік басқаруға, экономикаға және ұлттық қауіпсіздікке арналған қолданбалы шешімдерге ұластырды. Дегенмен жасанды интеллект мол қуат пен есептеу кеңістігін қажет етеді. Дәл осы себепті «Деректерді өңдеу орталықтарының алқабы» мегажобасын қолға алудың мәні зор. Аталған жоба әлемдегі жетекші BigTech-корпорацияларды тартатын жойқын гравитациялық аланға айналады. Үкімет бұл міндетті айрықша бақылауда ұстауы керек. Оның орындалуын ұдайы қадағалап отырамын», - деді.

Президент: «Бесінші мәселе. Бұл – адам капиталын дамыту. XXI ғасырда шикізатқа немесе халық санына ғана сеніп отыра беруге болмайды. Мұндай ұстаным кез келген мемлекетті жарға жығады. Мен бұл туралы үнемі айтып келемін. Қазір де қайталаймын: инфляцияға тәуелді емес бір ғана капитал бар: бұл – адам әлеуетінің сапасы. Сондықтан біз әлеуметтік салаға бірден-бір стратегиялық бағыт ретінде қараймыз. Бүгінде мемлекет азаматтарды жан-жақты дамытуды көздейтін негізгі салалардың барлығына қомақты қаражат бөліп отыр. Соның ішінде ғылым мен білім, мәдениет пен денсаулық, спорт және әлеуметтік қолдау саласын ерекше атап өткен жөн. Биылдың өзінде осы стратегиялық мақсатқа 19 триллион теңгеден астам қаржы бөлу жоспарланып отыр. Бұл – мемлекет бюджетінің жартысынан көбі деген сөз. Расында, Қазақстан – әлеуметтік салаға айрықша мән беріп, жүйелі әрі байыпты саясат жүргізіп келе жатқан әлемдегі аз ғана мемлекеттің бірі. Осы орайда, Парламенттің әлеуметтік бастамаларды жүзеге асыруға және қоғамда әділдік қағидатын орнықтыруға ерекше үлес қосқанын атап өткен жөн. Бірақ біз мына нәрсені дұрыс түсінуіміз керек: шынайы әділеттілік дегеніміз ел игілігін бәріне бірдей бөліп бере салу емес. Нағыз әділеттілік – әрбір азаматқа тең мүмкіндік беретін тиімді әрі мұқият ойластырылған жүйе құру деген сөз. Ең бастысы, барлығы заң алдында тең болуға тиіс. Бұл – Әділетті Қазақстанның мызғымас қағидаты. Парламенттің «Заңсыз иемделген активтерді мемлекетке қайтару туралы» заңды қабылдауы – осы қағидаттың нақты көрінісі. Аталған Заң аясында елге триллион теңгеден астам қаражат қайтарылды. Қазірдің өзінде осы қаржының жартысынан көбі халық игілігіне жұмсалды. Соның есебінен 450 аса маңызды әлеуметтік және коммуналдық нысан салынды», - деді.

Президент: «Біз арнайы конституциялық нормаға сүйене отырып, табиғи байлықты азаматтардың бастапқы капиталы ретінде бекіттік. Қазақстан – осындай бірегей бастаманы іске асырған аймақтағы алғашқы мемлекет. «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы – соның айқын дәлелі. Бұл жобаның тиімділігі жоғары: үш жылдың ішінде 6,5 миллион баланың есепшотына 2,3 миллиард доллар аударылды. Сондай-ақ біз қамқорлық шараларының нақты жалғасы ретінде «Келешек» жинақтау жүйесін іске қостық. Дарынды балаларға, соның ішінде халықаралық олимпиада жеңімпаздарына жүйелі түрде қолдау көрсете бастадық. Болашаққа инвестиция салу дегеніміз де – осы. Ал, айналамызда, яғни Еуразия құрлығында қай мемлекет әлеуметтік мақсаттарға осыншама қомақты қаражатты бөліп беріп жатыр? Жауап белгілі сияқты», - деді.

Президент: «Қашанда жаңашылдыққа ұмтылатын жасампаз ел болу үшін біз ең алдымен мызғымас құндылықтарымызға, бай тарихымыз бен мәдени мұрамызға арқа сүйеуіміз қажет. Бірнеше күннен кейін бәріміз бір ел болып «Ұлттық домбыра күнін» атап өтеміз. Бұл – болмысымызды айшықтайтын, жұртымыздың, әсіресе, өскелең ұрпақтың рухын көтеретін айрықша мереке. Көрнекті ақын Қадыр Мырза Әлінің «Нағыз қазақ – домбыра» деп жырлауы тегін емес. Расында, домбыраны ұлықтау арқылы біз төл өнеріміздің төрге оздырамыз. Домбыра қастерлі құндылығымыз ретінде ұлтымызды әлемге танытатын бірегей брендке айналуы керек. Жалпы, мемлекет руханият саласын дамытуға әрдайым баса назар аударып келеді. Бұл тағылымды іске депутаттар корпусы – сіздер де зор үлес қостыңыздар. Әрине, сіздер атқарған ауқымды жұмыстың мәнмаңызын бір ғана жиынның аясында жеткізу мүмкін емес», - деді.

Мемлекет басшысы: «Сегізінші шақырылым депутаттары Үкіметке 2 мыңнан астам сауал жолдады. Сондай-ақ 31 Үкімет сағатын және 9 Парламент тыңдауын өткізді. Қос палатаның комитеттері белсенді әрі жемісті жұмыс істеді. Бір палаталы Құрылтай жүйесіне көшкен соң заң шығарушы органның комитеттері де мемлекет саясатының басым бағыттарын негізге ала отырып, құрылғаны жөн. Осы жылдар ішінде депутаттық корпус азаматтармен ашық әрі тиімді байланыс жүйесін қалыптастырды. Атап айтқанда, партия жобаларын табысты жүзеге асырды. Сондай-ақ тұрақты түрде аймақтарға барып, жұртшылықпен кездесіп отырды. Қоғамдық қабылдаулар кезінде азаматтардың талап-тілектерін назарға алып, өзекті мәселелердің шешім табуына ықпал етті. Парламент беделді ғалымдарды, байыпты сарапшыларды және қоғам белсенділерін ортақ мүддеге біріктірген орталыққа айналды. Сенат жанындағы сарапшылар клубы мен Мәжіліс жанындағы қоғамдық палата осы бірегей зияткерлік экожүйенің берік тірегі болды. Бұл құрылымдар сындарлы диалогті дамытып, заң жобаларын жан-жақты талдауға жол ашты», - деді.

Қасым-Жомарт Тоқаев: «Адал азамат» тұжырымдамасы мен «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы қоғамда жаңа этиканы қалыптастыруға арқау болды. Депутаттар осы жалпыұлттық бастамалардың мән-маңызын халыққа түсіндіруге және іске асыруға белсене атсалысты. Парламенттің қажырлы қызметінің арқасында «Заң мен тәртіп» қағидаты мемлекет саясатында түбегейлі орнығып, ұлт болмысының ажырамас бөлігіне айнала бастады. Сонымен қатар Парламент депутаттары Қазақстанның халықаралық беделін нығайтуға елеулі үлес қосты. Сол арқылы еліміздің жауапты әрі ықпалды «орта держава» ретіндегі рөлі күшейе түсті. Депутаттар парламентаралық ассамблеялардың, шетелдік сапарлар мен форумдар аясында шетелдік әріптестерімен және жаһандық институттармен сенімді әрі нәтижелі байланыс орната білді. Осы тұста Әлемдік және дәстүрлі діндер съезінің жұмысын айрықша атап өту қажет. Беделді диалог алаңының хатшылығы ұзақ жыл бойы Сенат аясында табысты жұмыс істеп келді. Құрылтай басты заң шығарушы орган ретінде барлық бағыт бойынша сабақтастықты және институционалдық дәстүрді сақтап, жылдар бойы қалыптасқан бірегей парламенттік мәдениетті жоғалтпай, оны одан әрі дамытуға баса мән беруге тиіс. Еліміздің жоғары өкілді органы – Құрылтайдың негізгі мақсаты – баршаға бірдей мүмкіндік беретін Әділетті Қазақстанды құру ісіне атсалысу және осы бағытта белсенді жұмыс істеу. Бір палаталы өкілді орган өзінің заңнамалық миссиясын табысты орындай отырып, қоғамда Заң мен Тәртіп, Еңбексүйгіштік, Тазалық, Қоршаған ортаны қорғау сынды мызғымас құндылықтарды орнықтыра түсуге барынша ықпал етеді деп сенемін», - деді.

Президент: «Жаңа Конституцияның заңды күшіне енуі – ұлт тағдырына тікелей әсер ететін тарихи оқиға. Тұғырына қонған Ата заңымыз аса ауқымды қоғамдық-саяси үдерістер кезеңіне жол ашады. Осыған орай, мен бірқатар маңызды құжатқа, соның ішінде Құрылтай сайлауын өткізу туралы арнайы Жарлыққа қол қоямын. Соған сәйкес партиялар арасындағы бәсеке де жандана түседі. Біз жасампаз ел ретінде осы саяси науқанды да жоғары деңгейде өткізуіміз керек. Алдағы сайлауда ашық, адал және әділ бәсеке болуға тиіс. Қазақстан халқы – қоғамда жасалып жатқан түбегейлі өзгерістердің негізгі қозғаушы күші. Азаматтармыз елдің ертеңіне бей-жай қарамай, шешуші сәтте таңдау жасауға қабілетті екенін айқын көрсетіп келеді. Бұл – жауапкершілігі жоғары, бірлігі бекем, рухы және мәдениеті биік ұлттарға ғана тән қасиет. Сайлауға қатысу – елдік істен шет қалмау деген сөз. Осы ретте жұртымыз алдағы саяси науқанға белсене атсалысады деп сенемін», - деді.

Мемлекет басшысы: «Құрылтай – жаңа тұрпатты Қазақстанның маңызды символы. Сондықтан оның құрамына нағыз отаншыл, бастамашыл әрі мемлекетшіл тұлғалар, яғни тек үздіктер ғана кіруі керек. Себебі халық реформалардың қаншалықты нәтижелі болғанын дәл осы Құрылтайдың қызметіне қарап бағалайды. Осындай маңызды сәтте мен тағы бір мәрте Сенат пен Мәжілістің басшылығына және депутаттарына шынайы ризашылығымды білдіремін. Себебі сіздер мемлекетіміздің игілігі үшін адал әрі қажырлы еңбек еттіңіздер. Жұрттың мұң-мұқтажын батыл көтеріп, ұлт мүддесін бәрінен биік қоя білдіңіздер. Жаңа кезең – жаңа мүмкіндіктер уақыты. Депутаттардың бірқатары Құрылтайға өтіп, ел игілігі жолында еңбек ете береді деп ойлаймын. Қазақстан Халық Кеңесінде де өздеріңіз секілді білікті азаматтар болуы керек деп санаймын», - деді.

Президент: «Сондай-ақ бүгін мен «Amanat» партиясының фракциясына және барлық мүшелеріне белсенді, байсалды және жасампаз ұстанымдары үшін алғыс айтамын. Сіздер шынайы отаншылдық пен азаматтық жауапкершіліктің озық үлгісін көрсетіп келесіздер. Саяси ұйымның таяуда өткен съезінде «ӘДІЛЕТ» партиясына қосылу туралы стратегиялық шешім қабылданды. Мен бұл тарихи шешімді қолдаймын. Бүгінгі таңда барлық озық әрі жасампаз күштер жалпыұлттық құндылықтар мен ортақ мақсаттарға бірігуде. Мұндай қадам елімізде қолға алынып жатқан түбегейлі реформаларға тың серпін берері сөзсіз. Түптеп келгенде, баршамыздың мұратымыз – бір. Бұл – жас ұрпақтың жарқын болашағына жол ашатын өркениетті әрі озық мемлекет құру. Біздің Қазақстаннан басқа Отанымыз жоқ. Еліміздің ойдағыдай дамуы бізге ғана керек. Ұлт болып ұйысып, жұрт болып жұмыла білсек, біз кез келген белесті бағындырамыз, көздеген мақсатымыздың бәріне қол жеткіземіз. Қастерлі Тәуелсіздігіміздің тұғырын нығайтып, Әділетті, Қуатты, Қауіпсіз, Таза әрі Озық Қазақстанды құрамыз. Мен бұған кәміл сенемін! Осы жолда аянбай еңбек ету – әр азаматтың перзенттік парызы. Еліміз аман, жұртымыз тыныш, бірлігіміз бекем болсын! Қазақ елі мәңгі жасасын!», - деді.

ҚОС САЛАНЫҢ ҚАЙРАТКЕРІ

(Соңы. Басы 1-бетте).

Бір аңғарғаным: газет пен телевидениенің мақсаты бір болғанмен, жұмыс процесінде біраз айырмашылықтар бар болып шықты. Газетте өзің таңдап алған тақырыбыңды зерттеп-зерделеп, дәйекті мәліметтермен, деректермен толықтырып жазып шығасың. Дайын дүниені бөлім меңгерушісі, сонан соң редактор оқып, газеттің алдағы бір санына жоспарлайды. Ал, теледидарда жағдай мүлдем басқаша. Эфирге баратын жаңалықты кинооператор таспаға түсіріп, сөзін жазасың, режиссермен бірлесіп монтаж жасайсың, мәтінін міндетті түрде өзің оқуың керек. Екіминуттық сюжетті дайындау үшін бес



алты адам бірлесіп еңбек етеді.

Адам баласына қол ұшын созып, жәрдемдесуге даяр тұратын тәжірибелі Ержан Уәйістен телевиденияның ішкі сыры мен қырын көп үйрендім. Қазақ теледидарында абыройы биік, жеткен шығармашылық жетістіктері көп болса да, өзі жайында айтқанды жарата бермейтін Оңтүстік Қазақстан облысы, Отырар ауданының тумасы екенін, Маяқұм елді мекеніндегі орта мектепті алтын медальмен және С.М.Киров атындағы Қазақтың мемлекеттік университетін журналист мамандығы бойынша үздік бітіргенін кейін білдім.

Еңбек жолын республикалық Қазақ телевизиясында режиссердің көмекшісі қызметінен бастапты. 1969 жылдан 1984 жылға дейін «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасында тілші, редактор, экономика шолушысы, саяси шолушысы болып еңбек етіпті. Мәскеу қаласындағы КСРО Мемлекеттік Телерадио комитетінің жанындағы білімін жетілдіру жоғарғы курсында оқып, кәсіби шеберлігін жетілдіріпті.

Ержан Уәйіс 1978 жылы Куба елінің астанасы Гаванада өткен жастар мен студенттердің Бүкіл дүниежүзілік фестиваліне делегат болып қатысып, мерейі өсті.

Мен бір жылдан соң, жаңадан ашылған «Алатау» телеарнасына ауыстым. Екі жылдан соң, жеке шаңырақ көтерген «Алматы» теледидарына Бас редактор болып тағайындалдым. Ілеген пұшпағымыз бір болғандықтан, Ержан екеуміз жиі кездесіп, достығымыз нығая түсті.

1992 жылға дейін әріптесім «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасында бөлім меңгерушісі, Бас редактордың орынбасары болып еңбек етті.

Өткен мен бүгіннің дәнекері Ержан Үбәйдаұлы журналист болған сәттерін сағына еске алады.

– Алғашқы экранға шыққан күнімді ерекше сәтке балаймын. Тікелей эфирді бүкіл республика көреді. Он тоғыз облысты аралап, өндіріс орындарында, шахталарда, зауыттарда, елдімекен, колхоз-совхоз, егін алқаптарында жүресің. Қазақстан ол заманда бір миллиард пұт рекордты астық беретін ел болды. Егін орағы кезінде күнделікті 40 минуттық «Алтын дән» хабарын тікелей эфирде жүргізетін едім. Елді таныдым, елді Қазақстанға таныттым. Қазақстанның бірінші басшысы, қазақтың біртуар перзенті – Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаевтың телевизиялық түсіру тобында жеке тілшісі болдым. Ол кісі қатысқан жиындардан репортаж жүргізу, облыстарды аралау кезінде бірге жүру – қызметімнің шарықтау шегі болды. Кейін зейнет жасына шыққан соң да, Димекеңнің жанынан табылдым. Алты сағаттық фильм түсіріп, 80 жылдығында арнайы сұхбат алдым.

1991 жылы 1 желтоқсанда Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтан (Президент болып сайланған күні) бірінші сұхбат алу бақытына ие болдым. Ол көңіл-күйді сөзбен айтып жеткізу мүмкін емес. Елімізге есімі танымал тұлғалармен бірге жүрдім. Ұлы Баукең – Бауыржан Момышұлы, Рахымжан Қошқарбаев, Кеңес Одағының екі мәрте батыры атанған Талғат Бигелдинов, партизан жазушы, Халық Қаһарманы Қасым Қайсенов, тағы да екі мәрте батыр атанған диқан ата – Ыбырай Жақаев, Мойынқұмнан шыққан атақты шопан – Жазылбек Қуанышбаев



ҚР Сыртқы министрі Қасым-Жомарт Тоқаев және Стамбулдағы Қазақ Бас консулы Ержан Уәйіс. 1994 жыл. Алматы қаласы

бастаған қазақтың тұлғаларынан сұхбат алу мәртебесі бұйырды, – дейді Ержан Үбәйдаұлы өткен күндерді еске алып.

Әлі есімде, 1992 жылы Қазақстан Компартиясын ұзақ жылдар басқарып, Қазақстанның гүлденуіне шексіз үлес қосқан Дінмұхаммед Ахметұлы Қонаев 80 жасқа толды. Өкінішке қарай, сол кездегі Президент әкімшілігі, Үкімет бұл оқиғаға мән бермеді, түк болмағандай кейіп танытты. Бұқаралық ақпарат құралдары үнсіз қалды. Алматы облысы, Балқаш ауданының сол кездегі әкімі Тілеулес Ардабаев ештеңеден қаймықпай, Димекеңнің 80 жылдығын атап өтіп, астына ат мінгізіп, үстіне зерделі шапан жапты. Балқаш ауданының орталығы – Бақанас ауылында өткен торқалы тойға «Қазақстан» ақпараттық бағдарламасы Бас редакторының орынбасары Ержан Уәйіс және сол кездегі Алматы теледидарының Бас редакторы ретінде мен қатыстым. Ержан досым Дінмұхаммед Қонаевтың 80 жылдығына арнап, бес минуттық репортаж берді. Ал, мен 25 минуттық хабар жасадым. Осы ерлігі үшін Ержан Уәйіс қатаң сөгіс алды, мені де Президент әкімшілігі біраз қыспаққа алды. Не көрмеген бас, оған да шыдадық. Ең бастысы – Димекеңдей қайталанбас алып тұлғаның алдында арымыз таза болды, досым Ержан екеуміз журналистік парызымызды адал орындадық. Еліміз Тәуелсіздігін алғаннан соң Ерекең шетелде аккредитацияға тіркелген тұңғыш қазақ журналисі, Қазақстан телевизиясы мен радиосының Түркия Республикасындағы тұңғыш тұрақты арнаулы тілшісі болды.

1992-1993 жылдары Стамбұл қаласындағы республикалық «Егемен Қазақстан», «Халық кеңесі», «Заман – Қазақстан» газеттері мен КазТАГ агенттігінің, Германиядағы «Азаттық» радиосының Түркиядағы тұрақты тілшісі қызметін қоса атқарды.

1993-1999 жылдары Түрік Республикасындағы Қазақ елшілігінде дипломатиялық қызмет етіп, Стамбұл қаласында Қазақстанның тұңғыш Бас консулы қызметтерін атқарып, екі ел арасындағы әріптестік, туыстық қарым-қатынастың қалыптасуына айырықша қызмет етіп, достық көпірінің негізін қалауға үлесін қосты.

Бірнеше жыл ТҮРКСОЙ-дың Бас директорының Бас кеңесшісі болып түркі тектес туысқан халықтардың әдебиеті мен мәдениетін дамытуға үлкен үлес қоса білді.

Ержан Уәйіс – Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мәдениет қайраткері, ҚР Мәдениет қайраткері, Қазақстан Журналистер одағы сыйлығының иегері.

Қазақстан Республикасы Президентінің 5 желтоқсан 2008 жылғы Жарлығымен «Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері» атағын алды. Үнемі ізденіс үстінде жүретін журналист – Қазақстанның Тәуелсіздігі, сыртқы қатынастары, Қазақстан мен Түркия арасындағы байланыстар туралы бірнеше телевизиялық деректі фильмдер түсірді. Ол сондай-ақ бірнеше кітаптың авторы.

1997 жылы Қазақстанның Стамбұл қаласындағы Бас консулы қызметінде жүргенде Мекке Мәдинада болып, Қажылық парызын орындады.

2007-2015 жылдары Қызылорда облысы әкімінің арнаулы тапсырмалар жөніндегі кеңесшісі, облыс әкімінің орынбасары, Қызылорда облысындағы Тілдерді дамыту басқармасының басшысы, облыс әкімі аппаратының «Қоғамдық келісім» мемлекеттік мекемесінің бөлім басшысы болып жауапты қызметтер атқарды.

Осы жылдар ішінде Ержан Уәйіс облыстық әлеуметтік тыныс-тіршіліктің дамуына үлкен еңбек сіңірді. Қызылорда облысы бойынша 25 мешіттің ашылуына қатысып, лентасын қиды.

Еңбегі бағаланып, Жаңақорған ауданының Құрметті азаматы атанды. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің Құрметті профессоры, «Хорасан ата» республикалық қоғамдық қорының президенті.

Қазіргі таңда «Дүниежүзі қазақтары қауымдастығының» Түркия еліндегі арнаулы өкілі, ТҮРКСОЙ Бас хатшысының кеңесшісі (Стамбұл қаласы). Халықаралық «Бейбітшілік әлемі» сыйлығының лауреаты, Дінмұхаммед Қонаев орденінің иегері, Халықаралық Д.А.Қонаев қорының мүшесі.

Ерекең – Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевпен Сыртқы істер министрі кезінде Стамбұлдағы Қазақ бас консулы болып, 6 жыл қызмет еткен дипломат.

Түркия президенттері – Тұрғыт Озал, Сүлеймен Демирель, Абдулла Гүл, Реджеп Тайып Ердоған, премьер-министрлер – Нәжмиддин Эрбакан, Месут Йылмаз, Тансу Чиллер, сондай-ақ Түрік дүниесінің лидері Алпарслан Түркеш, Стамбұл әкім-губернаторы Хайре Козакчиоглының қабылдауында болып, Қазақ телевизиясына сұхбат алған алғашқы халықаралық дәрежедегі журналист – осы Ержан Уәйісов болатын.

Халық мүддесі, Қазақстан мүддесі үшін мандай терін төккен белгілі журналист, дипломат Ержан Уәйіс туралы жүрекжарды сөзді көптеп айтуға болады. Осындайда тіл ұшына «Жақсының жақсылығын айт – нұры тасысын» деген қанатты сөз орала береді.

Иә, шын мәнінде Ержан Уәйіс – ізгілік, жақсылық үшін туған, елін, халқын сүйетін нағыз зиялы азамат.

Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК,
жазушы-режиссер, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері

ТҮРКИЯДА “ҰЛЫ КӨШТІҢ ІЗІМЕН” КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ

Ыстанбұл қаласында “Ұлы көштің ізімен” атты кітабы Қазақ және Түрік тілдерінде баспадан шықты. Кітаптың авторы – Түркия қазақтарының арасында белгілі қоғам қайраткері Өмер Тейжі. Ол үлкен көш жетекшілерінің бірі Хусеин Тейжінің немересі. Өмер Мансұрұлы Тейжі Қазақ халқының тарихи жадын, көш тарихын және мәдени мұрасын сақтауда өзіне міндет еткен зерттеуші, көзі ашық көкірегі ояу, білімді де сауатты, өз ана тіліміздің және түрік тілдерін жетік меңгерген қоғам белсендісі. 1973 жылы Ыстанбұл қаласында дүниеге келген.



Отбасынан дарыған ұлттық рух пен тарихи санамен тәрбиеленген Өмер Тейжі Қазақстаннан тыс өмір сүріп жатқан қазақ диаспорасының тарихы “Ұлы көш” кезеңі және түркі дүниесінің рухани байланыстары бағытында көптеген жұмыстар атқаруда.

Бұл кітапта автор өз әулетінің тарихына үңіліп, арғы аталары мекендеген Мақаншы және Аягөз өңірінен бастау алатын тағдырлы жолды, бүгінгі күнге дейінгі кезеңмен сабақтастыра баяндайды. Шежірелі әулеттің өмір белестері, тарихи оқиғалар мен маңызды кезеңдер қысқа да нұсқа деректер арқылы көркем суреттеледі.

Шығармада Алтайдан басталған ұлы көштің Кашмир өлкесіне жетуі, одан әрі Түркияға қоныстанып, жаңа ортаға бейімделу үрдісі нақты мысалдармен сипатталады. Сондай-ақ, көшпен бірге келген Қазақ отбасыларының өмір үшін күресі, өзара ынтымақ пен бірліктің арқасында Бағжылар ауданы “Қазаққент” шағын қалашықтың қалыптасуы жан жақты сөз болады.

Кітапта 1979 жылы Қытай Халық Республикасының Шығыс Түркістанда қалған ағайындарға арнайы барып, көру арқылы үзілген байланыстардың қайта жалғануы, ал 1988 жылы Кеңес Одағы тұсында автордың әкесі Мансұр Тейжінің тарихи атамекен Қазақстанмен байланыс орнатудағы еңбегі ерекше аталып өтеді

Сонымен қатар 1990 жылдары Қазақтың атақты палуаны Мұстафа Өзтүріктің Қазақстанға келуі, оның қазақ халқымен қауышуы, ел ішінде қалыптасқан ерекше беделі мен шексіз сүйіспеншілігі кеңінен баяндалады. Оның жастарға ұлттық рух, отансүйгіштік қасиет дарытып, қазақ тіліне деген құрметті насихаттауы халықтың тарихи санасын оятудағы рөлі де әсерлі көрініс тапқан.

“Ұлы көштің ізімен” бір әулеттің ғана емес, шет елдегі күллі қазақ қауымының тағдыр жолын, сағыныш күресін, бірлігінің және тарихи отанына деген мәңгілік махаббатын бейнелейтін құнды еңбек.

Өмер Тейжінің қызметі тек тарихпен ғана шектелмейді, ол Түркі дүниесі жастар арасында ұлттық сана мен мәдени бірлікті нығайту саласында түрлі кездесулер, қоғамдық жобалар және мәдени іс шараларды ұйымдастырып келеді. Ол Мұстафа Өзтүрік атындағы мәдени қоғамдық қорының құрылтайшыларының бірі. Жақында Қазақстанға Мұстафа Өзтүріктің қызы Неслиханмен бірге (Неслихан Германияда тұрады) Абай, Түркістан, Атырау облыстарында болып, Мұстафаға арналған шараларға қатысты.

Атырауда Мұстафа көшесінің ашылуының куәсі болды. Спорт саласында да маңызды жобаларға атсалысқан Өмер Тейжі кәсіби бокс ұйымдары мен жас спортшыларды қолдау ісінде белсенділік танытады. Әлемдік WBO және WBC тұжырымдары бойынша бокстан әлем чемпионы атанған Қанат Исламмен бірге ұйымдастыру-спорттық жобаларда қызмет атқарады, “Turan Promotion” компаниясының Түркиядағы өкілі.

Қоғамдық және мәдени қызметтері үшін Өмер Тейжі халықаралық Дінмұхаммед Қонаев қоры “Мерей орденінің иегері. Қор президенті Елдар Қонаевтың тапсырмасымен мен Ержан Уәйіс – Д.Қонаев қорының алқа мүшесі Өмер Тейжінің кеудесіне марапатты таққан едім. Мен Түркиядағы бірінші тілші, Ыстанбұлдағы алғашқы Бас консул, Дүние Қазақтарының Түркиядағы өкілі, ТҮРКСОЙ-дың Бас кеңесшісі қызметтерін атқара отырып Түркиядағы көптеген шараларға қатынасамын. Ыстанбұлда туып өскен, оқып білім алған Өмер Тейжіні қасыма көмекші ретінде ертіп аламын, ол мен қатынасқан жиын шараларды суретке түсіреді.

Жақында Топкапыдағы Түркі мәдениет орталығында Қазақстанның рәміздер күнінде мерекелік шара болды. Қазақстанның көк байрағына тағзым еттік.

Ыстанбұлдағы жасөспірім боксшылардың халықаралық турниріне 30-дан астам мемлекеттерінің арасында Қазақстан да бар. Қазақстандық алты баламыз алтын медаль алды. Ыстанбұлдағы Қасымпаша ауданындағы садақ атушыларының халықаралық турнирінде де Қазақстандықтар бірінші орынға ие болды, осы бокс және садақ атудың халықаралық жарыстарының жеңімпаздарына кубоктар мен алтын, күміс, қола медальдарын тапсыру салтанатына ие болдым. Осы жиындардың бәрінде де спорт жанашыры Өмер Тейжі суретке түсіріп жүрді, оны әлеуметтік желіге – ФБ-ға және қазақстандық газеттерге жариялады.

Бүгін Өмер Тәйжі жарыққа шыққан “Ұлы көштің ізімен” кітабының “сүйінші” данасын офисімізде бізге тапсырды. Үлкен көштегі қазақтардың өмірінен сыр шертетін құнды кітапты ризашылықпен қабылдап, Тәйжінің иығына қазақ шапанын жапты, ақ батасын берді. Енді жақын күнде Ыстанбұлда Дүниежүзі Қазақтар қауымдастығының Түркиядағы өкілдігінде “Ұлы көштің ізімен” кітабының тұсаукесері өткізіледі.

Ержан УӘЙІС,
«Әділеттің» Түркиядағы
арнаулы тілшісі, Қазақстанның
еңбек сіңген қайраткері,
Қазақстанның мәдениет және сауда
орталығының басшысы
Ыстанбұл қаласы

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ МӘСЕЛЕСІН КҮН ТӘРТІБІНЕН ТҮСІРМЕЙІК, АҒАЙЫН!

Кез келген мемлекеттің өсіп-өркендеуі мен мәдениетінің гүлденуі, ұлттық тілдің дамуына, оның қоғамдық қызметінің кеңеюіне тығыз байланысты екенін қоғамның өзі күнделікті өмірде көрсетіп те, дәлелдеп те жүр. Еліміз Тәуелсіздік алғалы бері қазақ тілін дамытуға қатысты атқарылған шаруа да, тындырылған тірлік те аз емес. Көп нәтижелерге де қол жеткіздік! Ол жөнінде биік мінберлерден айтылды да. Бірақ қанша әрекеттенсек те, кейбір мемлекеттік органдарда қазақ тілін – мемлекеттік тіл мәртебесіне жеткізе алмай келе жатқанымызды жасыруға болмас.

Осы орайда еліміздің сот жүйесіндегі мемлекеттік тілге қатысты мәселелерді айтпас бұрын, сәл шегініс жасап, бұдан бұрын сот саласында өткен түрлі жиындар мен бұқаралық ақпарат құралдарында *(бұдан әрі – БАҚ)* жазылған бірқатар ақпараттарға қысқаша тоқтала кетейін.

2020 жылы Жоғарғы Сотта *(бұдан әрі – ЖС)* бейнебайланыс арқылы «Сот жүйесіндегі мемлекеттік тілді жетілдіру» тақырыбында өткен Кеңесте ЖС Төрағасы Ж.Асанов: «... Мемлекеттік тілге қатысты талап жыл сайын емес, күн сайын қатая бермек. Тек процестік құжаттарды мемлекеттік тілде жүргізу жеткіліксіз. Енді сот процестерін біртіндеп қазақ тіліне көшіруіміз қажет. Егер іс бойынша заңсыз шешім қабылдаса, ондай судьяға сөзсіз жол жоқ. Ал, мемлекеттік тілді жетік білмесе, ол да үлкен кедергі болмақ», - деген болатын. ЖС-тың судьясы Б.Мақұлбеков: «Қазіргі кезеңде процестік тіл қағидатының орындалуы сот жүйесіндегі өзекті мәселеге айналуда» десе, ЖС-тың жанындағы Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімі меңгерушісінің орынбасары Н.Қарағойшина «Статистикалық мәліметтерге сәйкес, қазақ тіліндегі істердің саны көңіл қуантатын деңгейде емес» екенін ашық айтқан.

Бұдан бес жылдай бұрын «ЗАҢ газетінде» және «ЗАҢГЕР» журналында, тағы басқа да басылымдарда «Судьяларға мемлекеттік тілді білу міндет болуы керек» деген тақырып төңірегінде қазақ тіліне қатысты сол кездегі Астана қалалық және Ақмола, Қарағанды облыстық соттарының төрағалары Т.Бәрпібаев, Д.Әміров, Н.Шәріповтың және ЖС жанындағы Ақпараттық қамтамасыз ету бөлімінің меңгерушісі А.Садуақасовтың мақалалары шыққан.

Сондай-ақ, сол жылдары қазақ тілінің мүшкіл халі туралы Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, жазушы С.Елубаев, атақты ақын, қоғам қайраткері М.Шаханов, академик М.Жолдасбеков, Мәжіліс депутаты Қ.Иса, журналист Е.Айғалиұлы және тағы басқа да ұлтжанды азаматтар БАҚ-та айтып та, жазғандары жұртқа белгілі. Ал адвокат



Л.Ахатованың фейсбук парақшасынан кейбір судьялардың ана тілін жетік білмейтіні туралы пост шығарғанын көзім шалған.

Елге танымал тау тұлғалардың тарапынан осылай айтылып, жазылып жатқан сындардан қорытынды шығару үшін бес жыл бұрын ЖС басшыларының бастамасымен, жергілікті облыстық, қалалық сот төрағаларының ұйымдастыруымен өңірлерде мемлекеттік тілдің мәселесіне арналған маңызды жиындар ұйымдастырылып, қазақ тілінің соттардағы жай-күйін жақсартуға байланысты нақты іс-шаралар қолға алынған болатын.

Солардың қатарында Шымкент қалалық сотының төрағасы Е.Рахымбековтың бастамасымен қалалық сотта «Шешендік сөздер – құнды мұра, асыл қазына» байқауы және «Сот төрелігін мемлекеттік тілде жүзеге асыру мәселелері» атты өңірлік конференция өтті. Мұндағы мақсат – Президент Жолдауында тіл жөнінде айтылған міндеттерді жүзеге асыру үшін мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту шараларын белгілеп, оларды іске асыру еді.

Өңірлік конференцияда ЖС-тың судьясы Б.Мақұлбеков сотқа дейінгі іс жүргізу органдарының процестік құжаттарды дайындау кезінде тілдік қағидатты реттейтін құқықтық нормаларды қатаң сақтау және құжаттардың мазмұны мен лингвистикалық ережелеріне аса мән беру қажеттігін айтса, ал Н.Қарағойшина сот ісін жүргізуде мемлекеттік тілді қолдану жағдайы әлі де төмен екеніне тоқталып, бұл тергеу органдарының қызметкерлері мен адвокаттардың қазақ тілін меңгеру деңгейіне байланысты болып отырғанын тілге тиек етсе, ЖС Төрағасының кеңесшісі А.Мәлікова қылмыстық істерді тергеудегі тіл мәселелеріне жан-жақты тоқталды. Шымкент қалалық сотының алқа төрағасы Е.Жанғазин өз баяндамасында жергілікті соттардың сот төрелігін жүзеге асыру кезінде мемлекеттік тілде талап қоя арыздарын аз жазатын банктер мен ЖШС-лар және т.б. мекеме, ұйымдарды сынға алып, қазақ тілін кеңінен қолдануға қатысты нақты ұсыныстарын ортаға салды.

Жиында Жамбыл, Қызылорда, Түркістан облыстық соттарының төрағалары, Ішкі істер министрлігі Тергеу департаментінің Аса маңызды істер жөніндегі аға тергеушісі А.Мәтжан, Шымкент қаласы прокурорының орынбасары Б.Ержаппар, Түркістан Полиция департаментінің орынбасары Ә.Сейдуалиев, облыстық Адвокаттар алқасы төралқасының төрағасы Қ.Қамбаров, Жамбыл облысы Нотариаттық палатасының төрайымы Л.Сырғабаева, ардагер судья А.Елшібаев және Билер кеңесінің мүшесі Н.Мұсақұлов терең баяндама жасады. Бұл баяндамаларда сот төрелігін мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асырудың маңыздылығын және оны жетілдіру қажеттігін атап өтіп, сот төрелігін жүзеге асыру кезінде жергілікті соттардағы тіл қағидатының жағдайына жан-жақты тоқталып, оны жақсартуға бағытталған нақты шараларды іске асыру мақсатында бірқатар ұтымды ұсыныстар айтылды. Осылай жиынға қатысушылар сот төрелігін мемлекеттік тілде сапалы жүзеге асырудың тиімді жолдарын көрсетіп, және оны одан әрі жетілдіруге бірлесе күш салуға уағдаласқаны есімде.

Бұл маңызды жиындардың мақсаты, сот жүйесінде қазақ тілінің қолданылу аясын кеңейту және елімізде өзекті болып тұрған тіл мәселесін жүзеге асыруға әрбір азамат атсалысуы тиіс екендігі де қадап айтылған еді!

Сонымен қатар, конференция қабылдаған Қаулыда жыл сайын аудандық, қалалық және мамандырылған соттарда мемлекеттік тілді қолданылу жағдайы «дөңгелек үстел» мәжілістерінде, семинарларда және төрағаның қатысуымен өтетін жиындарда талқыланып тұруы талап етілді.

Қаулының талабына сәйкес өткен жылы қалалық соттың мемлекеттік тіл бойынша үйлестіруші судьясы Тамара Смайлова наурыз және қыркүйек айларында «Талап қоюды мемлекеттік тілде ұсыну» атты «дөңгелек үстел» мәжілісін, одан кейінірек семинар өткізді. Мәжілісте сөйлеген судья Сәуле Сакова 2024-2025 жылдары қазақ тілінде қаралған істердің саны алты пайызға артқанын айтып етті.

Қазағы қалың деген Шымкенттің өзінде, кейбір бауырларымыздың сотқа талап арыз немесе «Е-өтініш» жазғанда қазақ тілін қолданбай, орыс тілінде жазатындары жетерлік. Қазақша өтініш жаз десең, орысшалап заявление жазады. Мұндай қазақтарға неге мемлекеттік тілде жазбайсыз десең, «орысша оңай, қазақша қиын» деп жауап береді. Осындай оғаштау әрекеттерімен қазақ тілін тең тіл етпей, кем тіл етіп жүрген қазағымыз аз емес. Енді біз, мемлекеттік тіл мәселесіне қатысты орын алған осындай олқылықтардың алдын алуымыз қажет! Ол үшін, Сіз бен біз тіл мәселесін күн тәртібінен түсірмеуіміз қажет!

Еліміздің тәуелсіздігі мен мемлекеттігін нығайтуда қазақ тілін күнделікті өмірде қолданудың мәні мен маңызы зор. Демек, қазақ тілін – мемлекеттік тіл мәртебесіне жеткізу аса маңызды мемлекеттік және бүкілхалықтық іс! Сондықтан да тіл мәселесі – ел мәселесі деп қарап, қазақ тілін дамытуға әрқайсымыз өз үлесімізді қосуымыз керек! Сонда ғана ана тіліміз мемлекеттік тіл мәртебесіне жетеді!



Қабыл ДҮЙСЕНБИ,
журналист-жазушы, қоғам қайраткері, «Әділет» газетінің арнаулы тілшісі.



СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ҚОҒАМНЫҢ ОРТАҚ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлық – мемлекеттің тұрақты дамуына, экономиканың өркендеуіне және азаматтардың мемлекеттік органдарға деген сеніміне кері әсер ететін келеңсіз құбылыс. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған қарсы іс-қимыл жасау мақсатында заңнамалық және ұйымдастырушылық шаралар жүйелі түрде жүзеге асырылуда. Мемлекеттік қызмет көрсету саласын цифрландыру, мемлекеттік органдар қызметінің ашықтығын қамтамасыз ету, азаматтардың құқықтық мәдениетін арттыру – осы бағыттағы маңызды қадамдардың бірі.

Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мәселелеріне ерекше көңіл бөлінеді. Басқарма қызметкерлері өздерінің қызметтік міндеттерін орындау барысында заңдылық, әділдік, адалдық және ашықтық қағидаттарын басшылыққа алады. Сонымен қатар, мемлекеттік қызметшілер арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың талаптарын түсіндіру және Әдеп кодексінің нормаларын сақтау бойынша тұрақты жұмыстар жүргізілуде.

Бүгінде мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі электрондық форматта көрсетіліп, адами фактордың әсерін азайтуға мүмкіндік беруде. Бұл өз кезегінде мемлекеттік қызмет көрсету сапасын арттырып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендетуге ықпал етеді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті болып табылады. Әрбір азамат заң талаптарын сақтап, адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстанған жағдайда ғана жемқорлықсыз қоғам қалыптастыруға болады.

Адалдық – қоғам дамуының кепілі. Сондықтан сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне мүлдем төзбеушілік таныту – әрбір азаматтың және мемлекеттік қызметшінің басты міндеті.

Э. ХАСАНХАНОВА,
Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының бас маманы

САЛЫҚ КОДЕКСІНІҢ 181-БАБЫН ТҮСІНДІРУ. САЛЫҚТЫҚ ЗЕРТТЕП-ҚАРАУ

Қазақстан Республикасының 2025 жылғы 18 шілдедегі № 214-VIII ҚРЗ Кодексі.

Құрметті салық төлеушілер!

1. Салықтық зерттеп-қарау – салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша іс жүзінде бар немесе жоқ екенін растау мақсатында салық органы жүзеге асыратын іс-шара.

Салықтық зерттеп-қарау салық төлеушінің (салық агентінің) тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша жұмыс уақытында жүргізіледі.

Салықтық зерттеп-қарауды жүргізуге қатысу үшін осы Кодексте айқындалған тәртіппен куәгерлер тартылады.

2. Салықтық зерттеп-қарауды жүргізу үшін:

1) салық төлеушіге (салық агентіне) нұсқаманы, салықтық тексерудің алдын ала актісін, салықтық тексеру актісін, мүлікке билік етуді шектеу туралы шешімді және (немесе) билік етуі шектелген мүлік тізімдемесінің актісін табыс етудің мүмкін болмауы;

2) адресаттың тіркеу деректерінде көрсетілген тұрған жері бойынша болмауына, сондай-ақ ұялы байланыстың абоненттік нөмірлері мен электрондық пошта мекенжайлары туралы деректердің болмауына немесе ұсынылған деректер бойынша кері байланыстың болмауына орай табыс етілуінің мүмкін еместігі туралы белгі қойылған пошта хат-хабарының қайтарылуына байланысты, салық төлеушінің (салық агентінің) іс жүзінде бар немесе жоқ екенін растау қажеттілігі негіз болып табылады.

3. Салықтық зерттеп-қараудың жүргізілетіні туралы салық төлеушіге (салық агентіне) (басшысына) веб-қосымша немесе веб-портал арқылы күні бұрын, бірақ салықтық зерттеп-қарау жүргізілгенге дейін үш жұмыс күнінен кешіктірілмей хабарланады.

4. Салықтық зерттеп-қарау нәтижелері бойынша салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған жері бойынша болмау фактісі анықталған кезде салықтық зерттеп-қарау актісі жасалады.

Салықтық зерттеп-қарау актісіне оны жасаған салық органының лауазымды адамы, сондай-ақ куәгерлер қол қояды.

Әрекет жасалған кезде орындалған фотографиялық түсірілімдер мен негативтер, бейнежазбалар немесе басқа да материалдар актіге қоса тігілуі мүмкін.

Салықтық зерттеп-қарау актісінің көшірмесі салық төлеушіге (салық агентіне) оның сұрау салуы бойынша веб-қосымша арқылы ұсынылады.

5. Салық органы салықтық зерттеп-қарау актісі жасалған күннен кейінгі күннен кешіктірмей:

1) уәкілетті органның интернет-ресурсында салық төлеуші (салық агенті) туралы мәліметтерді сәйкестендіру нөмірін, тегін, атын және әкесінің атын немесе атауын, салықтық зерттеп-қарауды жүргізу күнін көрсете отырып орналастырады;

2) салық төлеушінің тұрған жерін (болмауын) растау туралы хабарламаны (бұдан әрі осы баптың мақсатында – хабарлама) салық төлеушіге (салық агентіне) жібереді.

6. Салық төлеуші (салық агенті) хабарламаны салық органына өзі келу тәртібімен:

1) салықтық зерттеп-қарау кезінде болмау себептері туралы түсінікті;

2) жылжымайтын мүлікке құқықтылығына қарай салық төлеушінің (салық агентінің) тұрған жерін растайтын құжатты:

- жылжымайтын мүлікке меншік құқығын немесе оны пайдалану құқығын растайтын (кемінде бір жыл мерзімге) құжаттың көшірмесін;

- пайдалану құқығын растайтын (бір жылдан аз мерзімге) құжаттың көшірмесін, ұсынғанға дейін кемінде он жұмыс күні бұрын салыстырып тексеру үшін көрсетілген құжаттың түпнұсқасын немесе нотариат куәландырған көшірмесін ұсына отырып;

- тұрған жері ретінде мәлімделген жылжымайтын мүлік меншік құқығында болатын жеке тұлғаның нотариат куәландырған келісімін ұсыну арқылы орындауға тиіс.

7. Хабарлама осы бапта белгіленген мерзімде орындалмаған кезде салық органы хабарламаны орындау мерзімі өткеннен кейінгі келесі жұмыс күні электрондық шот-фактуралардың жазып берілуін тоқтата тұрады.

Осы тармақтың бірінші бөлігінде көзделген қамтамасыз ету тәсілі, егер көрсетілген бөлікте өзгеше белгіленбесе, осы Кодекстің 5-тарауының 4-параграфында белгіленген тәртіппен және мерзімдерде қолданылады.

Айгерім БАЙДӘУЛЕТОВА,
Әл-Фараби ауданы бойынша Мемлекеттік кірістер басқармасының Салықтық әкімшілендіру және камералдық мониторинг бөлімінің бас маманы

Әділет
zhangyru@mail.ru
Республикалық қоғамдық-саяси, тарихи-танымдық басылым

Меншік иесі:
“Tacc-Media” ЖШС
директоры
Б. Т. БОТАБЕКОВ

Редакция алқасының төрағасы:
Нағашыбек ҚАПАЛБЕКҰЛЫ *(Алматы)*
Бас редактор:
Мұратбек ТОҚТАҒАЗИН *(Астана)*
Редактор:
Қуанышбек БОТАБЕК

Ақпараттық қамсыздандыру және қауіпсіздік бөлімінің меңгерушісі:
Аманқұл КҮМІСБЕКҰЛЫ
Редакция алқасы:
Доқтырхан ТҰРЛЫБЕК *(Алматы)*
Қали СӘРСЕНБАЙ *(Алматы)*
Қабыл ДҮЙСЕНБИ *(Шымкент)*
Жауынбек ӘБУОВ *(фототілші)*
Мекен-жайымыз:
Қазақстан Республикасы,
Шымкент қаласы, Театр к-сі, 31-үй.
Байланыс үшін тел: 8 (7252) 56-11-70,
+7 776 795 04 76
E-mail: **zhangyru@mail.ru**
Индекс: 64702

* Жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакциядан ресми рұқсат алу шарт.
* Кейбір суреттердің ғаламтордан алынуына байланысты олардың мазмұнына, сапасына редакция жауап бермейді.
* PR мақалалар жарнама ретінде жарияланады.
* Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.
* Басылым қазақ және орыс тілдерінде жарыққа шығады.
* Мақала жазбагерінің пікірі редакция көзқарасын білдірмейді. Оқырман хаттарына жауап жазылмайды. Қолжазбалар өңделеді, кері қайтарылмайды.
Ⓐ белгісімен жарияланған материалдар ақылы негізде жарық көретіндіктен, оның мазмұны мен қатесіне тапсырыс беруші жауапты.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеліп, 2018 жылдың 15 ақпанында №16921-Г куәлігі берілген
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №16573-Г. 15.06.2017ж).
Газет ЖК “Print Sap” баспаханасында басылды. Шымкент қ-сы, Әлімқұлов көшесі, 22 үй.
Айына үш рет жарық көреді.
Таралу аумағы - Қазақстан Республикасы
Таралымы - 1800 дана.
Тапсырыс - 1340.



Евразийский национальный университет им. Л. Н. Гумилева был основан в 1996 году в результате объединения Целиноградского педагогического института и Целиноградского инженерно-строительного института. Основной состав профессорско-преподавательского коллектива продолжил свою деятельность уже в новом государственном вузе, который со временем получил статус национального. Сегодня университет широко известен под кратким названием ЕНУ, ставшим узнаваемым брендом в образовательной и научной среде.

В этой статье мы рассказываем о людях, посвятивших университету 40-50 и более лет. Их многолетний труд внес значительный вклад в развитие высшего образования и науки, а также в подготовку и воспитание нескольких поколений студентов. Преданность своему делу, богатый профессиональный опыт и важная роль в сохранении академических традиций делают их настоящими хранителями ценностей университета. Истории этих сотрудников – «старожилов» ЕНУ – подчеркивают значимость преемственности и служат источником вдохновения для молодых специалистов.

Среди них – кандидат физико-математических наук, доцент кафедры математического и компьютерного моделирования механико-математического факультета Евразийского национального университета им. Л. Н. Гумилева Карлыгаш Бекеновна НУРТАЗИНА. Ее общий стаж в ЕНУ – 50 лет. Свою трудовую деятельность начала в 1976 году преподавателем кафедры Высшей математики Целиноградского инженерно-строительного института. Победитель конкурса «Лучший преподаватель в 2011 и 2022 гг, в 2019 году удостоилась медали «За вклад в развитие науки Республики Казахстан».

ПОЛВЕКА СЛУЖЕНИЯ НАУКЕ И УНИВЕРСИТЕТУ

– Карлыгаш Бекеновна, Как Вы пришли в ЕНУ и почему выбрали именно эту профессию?

– Я не приходила в ЕНУ, это ЕНУ пришел ко мне. Вернее, вырос вокруг меня. Все началось с ЦГПИ в 1962 году, когда мой отец, Бекен Тютебаевич Нуртазин, стоял у истоков создания Целиноградского государственного педагогического института. В нашем доме всегда было много видных ученых из разных стран мира, писателей, преподавателей и студентов. И нам, детям, всегда было не только позволительно, но и рекомендовано сидеть за одним столом с ними, слушать их умные разговоры, обсуждаемые научные проблемы и литературные произведения. Я с детства впитывала запах мела, голоса преподавателей, была свидетелем тревог и побед студентов. А профессию выбрала, потому что видела: преподаватель-исследователь – это не ремесло, это судьба. Учить математике – значит учить честности мысли. И это завораживает. Меня привлекла не математика сама по себе. Меня привлекло мгновение, когда в глазах у студента зажигается лампочка. Когда он говорит: «А, понял!» – и понимает по-настоящему. Это похоже на чудо. Преподавание – это возможность каждый день быть свидетелем маленьких чудес. А еще это активный диалог. Ты не говоришь с пустотой, ты говоришь с живыми людьми. И они меняют тебя так же, как ты меняешь их.

– Какими были Ваши первые преподавательские впечатления? Как Вы вспоминаете первые годы работы в университете?

– Страх. Честно. Выходишь к студентам, а они всего на пару лет младше. Помню, как в моем первом потоке были студенты после армии и подготовительного отделения, они были старше меня. А потом увидела в глазах интерес и страх ушел. А еще переживание, как бы не подвести родителей, оправдать честь семьи. Первая трудность была не в математике, а в том, чтобы научить думать, а не зубрить. И еще – дефицит всего: учебников, приборов. Первый состав преподавателей сами создавали лаборатории, «доставали» оборудование, сажали деревья после лекций.

– Какие изменения в университете Вы наблюдали за 50 лет? (инфраструктура, студенты, методы преподавания)

– Вы не представляете: в первом здании ЦГПИ зимой мерзли чернила в чернильницах. Студенты писали лекции в пальто. Сейчас – светлые аудитории, проекторы, интерактивные доски. Иногда захожу в новую аудиторию и думаю: «Да здесь сам Гельфанд позавидовал бы». Но главное изменение – доступ к информации. Тогда, чтобы прочитать статью, нужно было ехать в Москву-Ленинград или заказывать через сервис «Книга-почтой». Сейчас студент открывает телефон и перед ним вся мировая наука. Проблема не в том, чтобы найти, а в том, чтобы не утонуть и отличить важное от шума. Этому мы учим особенно внимательно.

– Как менялись студенты, преподаватели и подходы к обучению?

– Студенты стали свободнее, и это хорошо. Но появилась и прагматичность: «А это будет на экзамене? А это пригодится для работы?» Раньше учили ради знаний, сейчас ради результата. И в этом есть плюс, но есть и потеря бескорыстного интереса.

Преподаватели стали моложе, техничнее, но иногда менее терпеливы. Раньше профессор мог полтора часа объяснять одну теорему, пока не поймет последний студент. Сейчас время ускорилось.

Подходы изменились кардинально: от мела и доски до Python и нейросетей. Но я всегда говорю: инструмент – это инструмент. Важнее то, как как ты мыслишь. Компьютер не заменит умение ставить правильный вопрос.

– Что было самым значимым достижением на раннем этапе?

– Пожалуй, естественное вхождение в коллектив и формирование единодушной студенческой среды со стремлением к знаниям, новым научным исследованиям. Мы не просто решали задачи – мы активно коммуницировали. И осознание: мы не просто учим – мы создаем среду.

Когда я стала депутатом Целиноградского Совета, я поняла: преподаватель может влиять не только на аудиторию, но и на жизнь города. Я возглавляла комиссию по культуре и спорту, и мы открыли несколько детских секций в районах, где их никогда не было. Для меня это было достижением: не только интегралы решать, но и реальные человеческие проблемы.

– Какие дисциплины Вы считаете ключевыми в Вашей области?

– Конечно же, это математический анализ, теория вероятностей, прикладная статистика, Big Data, Computer Science AI-ML. Это та фундаментальная основа, которая формирует творческое мышление.

– А самые памятные научные проекты?

– Работа с профессорами S.Avdonin (СПбГУ, США) в Международном проекте с University of Alaska Fairbanks и с профессором Julian Edward из университета Florida International University по обратным задачам, управляемости систем с распределенными параметрами и дифференциальными уравнениями с памятью на графах. С профессором V.Mityushev (Польша) по исследованиям композиционных материалов с применением искусственного интеллекта и машинного обучения. Но самое памятное – это когда твоя идея, рожденная в Астане, находит поддержку в научном сообществе. Ощущение, что наука не имеет границ.

– С какими международными учеными или университетами Вы сотрудничали?

– С огромным удовольствием вспоминаю сотрудничество с University of Alaska Fairbanks (США), это была мощная школа по обратным задачам. С Tennessee University at Chattanooga, там мы начинали исследования по управлению на графах. Удивительно теплые и продуктивные контакты с Cracow University of Technology (Польша), Federation University Australia. А еще с Россией: СПбГУ, МГУ, Воронежским государственным университетом.

Но самое ценное не названия. Самое ценное – это люди. Профессор S.Avdonin, который стал моим научным наставником на 40 лет. Профессор Михайлов Николай Михайлович был очень прогрессивным организатором науки, на его научных семинарах удалось пройти путь до полного осмысления научных подходов. Без них я была бы просто провинциальным преподавателем. А с ними я стала самостоятельно мыслящим исследователем. Очень большое влияние оказали ученые ежегодной научной конференции в Крыму КРОМШ-2015-2021. И, конечно же, профессор Нурлан Темиргалиев, присутствие в эпсилон-окрестности которого дает возможность обогащаться не только умственно и нравственно. Определенную роль играют сами студенты, магистранты и докторанты. Благодаря их многочисленным вопросам приходится систематически развиваться и мыслить по-новому.

– Как менялась научная Среда?

– В советское время – огромная поддержка государства, но закрытость. В 90-е годы полное забвение, выживали энтузиасты. Сейчас – гранты, международные конференции, публикации в рейтинговых журналах. Но появилась и бюрократия: иногда бумаг больше, чем исследований. И все же: сегодня молодой ученый в Казахстане может работать на мировом уровне. Этого не было 30 лет назад.

– Публикация, которой гордитесь?

– Determining distributed parameters in a neuronal cable model on a tree graph (MMAS, 2017, Q1). Потому что там мы соединили нейробиологию, математику и теорию графов. Это не просто статья, это мост между абстрактной теорией и реальным мозгом. Горжусь и своими учебниками на казахском языке, потому что наука должна говорить на родном языке.

– Как Вы оцениваете развитие науки в Казахстане и роль ЕНУ в этом процессе?

– Я видела три эпохи. Советскую – мощную, но закрытую. 90-е – катастрофические, когда наука выживала на голом энтузиазме. И современную – амбициозную, но бюрократичную. Сегодня Казахстан входит в мировую науку. У нас есть публикации в Q1, гранты, молодые PhD. Но нам не хватает бесстрашия. Мы боимся ставить задачи, которые, «может быть, не решатся». А великая наука всегда рискует.

Роль ЕНУ? Это мостик между прошлым и будущим, между Западом и Востоком, между школой и большой наукой. Мы не просто публикуем статьи, мы воспитываем будущих творцов. В ЕНУ очень много корифеев, поэтому наука в Казахстане будет жить и развиваться. А ЕНУ – это локомотив. Без преувеличения. ЕНУ первым в Казахстане начал системную работу с одаренными детьми. Именно здесь создавался филиал Всесоюзной заочной математической школы (ВЗМШ), здесь начали олимпиаду для 25 стран мира «Турнир городов». И сейчас ЕНУ один из лидеров по публикациям в WoS и Scopus. Но главное: ЕНУ не боится нового, ни нейросетей, ни искусственного интеллекта.

– Какие моменты преподавания и студенты запомнились больше всего? И, как, по Вашему мнению, менялась студенческая жизнь?

– Отчасти отвечала, но добавлю. Больше всего запомнились поражения. Когда студент не сдал экзамен с первого раза, а потом пришел и сдал блестяще. Или, когда выпускник признался: «Вы меня отчислили, и это было лучшее, что случилось в моей жизни. Я пошел работать, понял, зачем мне математика, вернулся, успешно учился, и теперь я востребованный специалист». Победы забываются. А вот моменты, когда человек перешагнул через себя, они с человеком навсегда.

Что касается студенческой жизни, то раньше – КВН, стройотряды, песни у костра. Сейчас – хакатоны, стартапы, международные стажировки. Но энергия та же, но форма другая. И смех тот же. Я до сих пор помню, как мы на «Турнире городов» в Москве потеряли делегацию в метро и нашли их через три часа в библиотеке СУНЦ им.А.Н. Колмогорова. И это была лучшая лекция по нестандартным задачам в их жизни.

– Студенты, которыми гордитесь?

– Их сотни. Но особенно те, кто пришел из сельской глубинки и достиг признания в ведущих научных центрах мира: Гульфая Рахметова (Лондон, США,), Жомарт Тураров (Германия). Они стали блестящими специалистами. Или мои магистранты и докторанты, которые сегодня сами руководят проектами.

– Качества в студентах тогда и сейчас? И какой совет Вы бы дали современным студентам?

– Тогда ценила трудолюбие и скромность. Сейчас – критическое мышление и смелость задавать вопросы. Но есть одно неизменное: честность перед фактом. Если студент говорит «я не понял, но хочу понять», то это лучше, чем «я выучил, но не вник».

Насчет совета. Не гонитесь за «корочкой». Гонитесь за пониманием. Учитесь не сдавать экзамены, а решать задачи, которых нет в ответах. И помните: самые ценные знания – те, которые заставляют вас меняться. И конечно, читайте классиков, включайте музыку, любите искусство. Хороший математик всегда немного поэт.

– Как менялся подход к обучению?

– От «Я все знаю, слушайте меня» к «Давайте разбираться вместе». Раньше преподаватель был единственным источником знаний. Сейчас – Google знает больше. Но Google не умеет вдохновлять. Поэтому современный преподаватель – это не транслятор, а навигатор в мире информации. И еще: мы начали учить не просто формулам, а вероятностному моделированию, риск-менеджменту, AI-ML – тому, что реально нужно в жизни. Раньше мы учили только базовые дисциплины. Сейчас добавились прикладные вещи: актуарная математика, риск-менеджмент, нейросетевое моделирование, статистический анализ данных. Но фундамент никто не отменял. Как дом без фундамента рухнет, так и финансист без матанализа это просто гадалка. А подход... Раньше было больше авторитарности: «Я сказал, значит, правильно». Сейчас больше диалога. Студент может спорить. И это прекрасно. Лишь бы спор был по делу, а не ради спора.

– Традиции ЕНУ, которые необходимо сохранить?

– Научные семинары, летние математические школы с учеными из США, Польши, России. Но главная традиция – взаимопомощь и неформальная традиция помогать друг другу. Когда у кого-то беда – весь факультет приходит на помощь. Это невозможно прописать в уставе, но это – душа ЕНУ.

– Забавная история?

– Однажды зимой в 1980-м отключили отопление. А у нас лекция по матанализу. И я сказала: «Давайте двигаться, чтобы не замерзнуть». И мы два часа решали интегралы, маршируя по аудитории. Потом этот поток назвали «интегральным походом». Студенты до сих пор вспоминают.

– Международные программы и обмены?

– Это наша гордость. С 1990-х мы пробивали окно в мир через США, Польшу, Англию. Сейчас студент ЕНУ может учиться в любом университете мира. Но предупреждаю студентов: не потеряйте себя. Учиться за границей – хорошо, но возвращайтесь. Казахстан ждет вас. Знание английского не отменяет уважения к родному языку. Быть коммуникабельными, открытыми, но оставаться собой – вот что я желаю нашим студентам.

– Самое сложное и самое радостное?

– Самое сложное – это 90-е. Когда зарплату не платили, а студенты голодали. Я тогда депутатом была – и мы выбивали талоны на хлеб. Радостно видеть, как твой студент успешно работает в ведущем мировом центре, получает патент. Но самое радостное – это не только большие победы. Иногда это просто: идешь по коридору, а студент улыбается и говорит: «Здравствуйте!» И ты понимаешь, что тебя не боятся, тебя уважают. Но самое существенное, когда просто пишет: «Спасибо, Вы изменили мою жизнь». Ради этого стоит жить.

– Как сохранить мотивацию 50 лет?

– Любить то, что делаешь. И каждый день находить в этом новизну. Я до сих пор волнуюсь перед каждой лекцией, тщательно готовлюсь к лекции, открываю для себя что-то новое в старых своих конспектах. А ещё, что самое главное – окружить себя молодыми. Они заряжают энергией и новыми идеями. И не бояться учиться у них, например, нейросетям.

– Принципы и ценности?

– Честность, ответственность, служение. Никогда не врать студентам. Никогда не говорить «это не моя работа». И помнить: ты не начальник, ты старший товарищ. И еще: не искать наград. Самая главная награда – это когда твой выпускник через 20 лет приводит к тебе своего сына со словами: «Я хочу, чтобы он учился у Вас».

– Будущее университета и образования?

– Оно за гибридом: сильные фундаментальные знания + цифровые компетенции + гуманитарное воспитание. Университет должен стать местом, где человек учится учиться всю жизнь. Потому что половины профессий, которые будут через 10 лет, сегодня еще нет. И ЕНУ к этому готов.

– Что передать будущим поколениям?

– Не продавайте душу за рейтинги и гранты. Помните: студент – не строка в отчете, а живой человек. И еще: сделайте хоть одно дело, за которое вам не будет стыдно через 30 лет. Пусть маленькое, но честное. И всегда помните историю своего университета: как из одного деревянного дома на окраине вырос храм науки. Это сделали люди – не кирпичи. И вы сможете.

– Спасибо за интервью!

Балжан АРИНОВА,
специальный корреспондент газеты «Әділет» по городу Астана и Акмолинской области,
член Международного Союза Журналистов